

## **ҚАЗАҚСТАН**

### **Дүние жүзіндегі адам құқықтарын сақтау жөніндегі 2007 жылғы Баяндама**

Демократия, адам құқықтары мен еңбек Бюросы дайындаған

11 наурыз 2008 ж.

Халқының саны 15.3 миллионды шамалайтын Қазақстан Республикасында Президент Назарбаевтың Нұр Отан партиясы үстемдік ететін парламенттік жүйе орнатылған. Ресми сайлау нәтижелеріне сай, Нұр Отан партиясы 18 тамыз күнгі парламенттің төменгі палатасын сайлауда 88 пайыз дауыс жинап, ондағы әрбір орынды жеңіп алды. Жергілікті және халықаралық бақылаушылар сайлау үдерісінде өткен сайлауларға қарағанда кейбір оң өзгерістер болғанын атап өтіп, сайлауды бірқатар халықаралық стандарттарға сай жүргізілмеді деп сынады. Конституция билікті президенттің қолына шоғырландырады; президент аймақтық және жергілікті билік органдарын бақылайды, заң шығару мен судья билігіне елеулі ықпал етеді. Өзгерістер мен толықтырулар конституцияға президенттің рұқсатымен енгізіледі. Азаматтық билік органдары қауіпсіздік күштерінің үстінен жалпы алғанда пәрменді бақылау жүргізді. Жергілікті және халықаралық бақылаушылар өткен сайлаулар барысында дауыс беру үдерісінің біршама жақсарғанын атап өтіп, бірақ сайлаудың бірқатар халықаралық стандарттарға жетпейтінін, нақтырақ алғанда, заңнамалық негіздің және дауысты есептеу мен жіктеу үдерісінің әлі берілген стандарттарға сәйкес еместігін сынға алды.

Адам құқықтарына қатысты төмендегі мәселелер орын алды: азаматтардың өз үкіметін өзгерту құқықтарын қатаң шектеу, әскердегі кісі өліміне әкеп соққан әлімжеттік, қамауға алынғандар мен түрмеге жабылғандарды қорлау, түрмелердегі денсаулыққа қауіпті жағдай, заңсыз тұтқындау және қамауға алу, тәуелсіз судьялар жүйесінің жоқтығы, сөз бостандығына, баспасөзге, жиындар мен ұйымдарға қойылатын шектеулердің көбеюі, елде, әсіресе құқық қорғау органдары мен сот жүйесінде кеңінен тараған сыбайлас жемқорлық, саяси партияларды тіркеу талаптарының тыйым салу сипатында болуы, үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ-дар) жұмысына қойылған шектеулер, әйелдерді кемсіту және оларға зорлық-зомбылық көрсету, адам саудасы және қоғамдық кемсітушілік.

### **АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ**

1 Бөлім Адамның қадір-қасиетін қорғау:

а. Өз бетінше немесе заңсыз өмір қиудан сақтау

Өткен жылмен салыстырғанда, үкімет немесе оның агенттері өз бетінше немесе заңсыз кісі өлтірді деген хабарламалар болған жоқ.

Жоғарғы сот 12 маусым күні оппозиция жетекшісі Алтынбек Сәрсенбайұлының туған-туыстарынан түскен, Сәрсенбайұлы мен оның екі көмекшісінің 2006 жылғы ақпан айындағы өлімін қайта тергеуді өтінген арызды қанағаттандырмады. 2006 жылғы тергеу мен соттан кейін үкімет кісі ұрлап, өлтірген 10 күдіктіні - оның ішінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) арнайы тобының бес мүшесі бар - айыптады. Жоғарғы сот 2006 жылы тағылған айыпты және түрмеге жабу жазасын өз күшінде қалдырды. Оппозиция жетекшілері бұл қылмыс саяси себептермен болды деп, тергеу және сот барысын қатаң сынға алды. Дәлелдемелер айыпталушылардың қылмысқа қатысын анық көрсетті, бірақ сот басқа адамдар мен жоғары лауазымды үкімет қызметкерлерінің Сәрсенбайұлын өлтіруге себепкер болуы немесе тапсырыс беруі ықтималдығын одан әрі тергеген жоқ.

Әскердегі әлімжеттік соңы кісі өлтіру, өзіне қол жұмсау және ауыр жарақаттануға әкеп соққан өзекті мәселеге айналды. Үкімет жылдың алғашқы 11 айында әскер қатарындағы 11 адамның өз өмірлерін өздері қиғанын мәлімдеді.

Жамбыл ауданы Гвардейский мекенінде орналасқан артиллерия бөлімінің екі жауынгері 19 қаңтар күні әскер қатарына жаңадан қосылған бірнеше жауынгерді соққыға жығады. Тиісті органдар олардың ауыр жарақаттанған жетеуін ауруханаға орналастырды, бірақ Достан Байсылдаев алған жарақатынан қайтыс болды. Сот қылмыскерлерді жеті жылға бас бостандықтарынан айырды.

Әскерге жаңадан келген 19 жастағы Бек Баширов Павлодарда ауыр бас және ми жарақатымен ауруханаға түсіп, 17 қыркүйек күні көз жұмды. Тергеу барысында, тиісті органдар жасы үлкен бір жауынгерге Башировты соққығы жықты деген айып тақты; жыл соңына дейін сот әлі бастала қойған жоқ.

Сот 27 тамыз күні Дархан шекара күзет бөлімінің төрт шекара сақшысын айыптап, 18 айдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандықтарынан айырды. Олар 2006 жылы қарашада Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында әскер қатарына жаңадан қосылған 18 жауынгерді ұрып-соғып, олардың біреуін өлтірген.

ә. Жоғалып кету

Ішкі істер министрлігі (ИИМ) журналист Оралғайша Жабайқызының 30 наурыз күні жоғалып кету ісін тергегеннен кейін, 10 қыркүйек күні ол журналисттің кәсіби жұмысына қатысты емес деген қорытындыға келді. Одан бұрын, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) бостандығын бақылаушы ұйымдар Оралғайша Жабайқызының жоғалып кетуі оның кәсіби қызметіне, әсіресе Алматы облысының билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық, шетін мәселе болып табылатын этносаралық қақтығыстар және қылмыстық іс-әрекеттер туралы «Закон и Правосудие» газетіне ұдайы мақала жазуына байланысты деп мәлімдеген болатын. Жыл аяғында бұл істе басқа өзгеріс болған жоқ.

- б. Азаптау және басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекет пен жаза түрлері

Конституция мен заң бұндай әрекеттерге тыйым салғанымен, полиция мен түрме қызметкерлерінің кейбір кезде қылмысты мойындату үшін қамауға алынғандарды соққыға жығып, қорлаған кездері болды. Бас прокуратура (БП) мен адам құқықтары омбудсмены құқық қорғау органдарының кейбір қызметкерлерінің тергеу барысында азаптау және басқа заңсыз әдістерді қолданатынын мойындады. Адам құқықтарын қолдаушылар мен халықаралық заңның сақталуын бақылаушылар тергеу және прокуратуралық іс-әрекеттердің тек айыпталушыға қылмысты мойнына алдыруға ғана бағыттанып, айыпталушыға қарсы қылмыстық іске қажетті басқа дәлелдемелер жинауға мән бермейтінін айтты. Соттар айыпталушылардың азап немесе қысым көргенінің нәтижесінде қылмысты мойындауға мәжбүр болғандарын айтқан сөздеріне жалпы алғанда құлақ аспады.

Омбудсмен мекемесі 2007 жылдың 11 айында 1684 азаматтан шағым түскенін, олардың 300-ге жуығы құқық қорғау органдарының қорлық немесе теріс әрекеті туралы екенін мәлімдеді.

Баспасөз хабарларына сай, Қостанай полициясы мамыр айында Александр Герасимов пен оның екі ұлын қария көршілерінің өліміне байланысты жауап алуға қамайды. Полиция Герасимовты бір түнге қамауда ұстап, ауыр соққыға жығып, кейінірек оны ауыр бас жарақатымен ауруханаға екі аптаға жатқызады. Облыстық полиция 21 маусым күнгі мәлімдемесінде полиция қызметкерлерінің Герасимовты ұрғанын мойындады, бірақ сол мәлімдемені жасаған офицер айыпты дәлелдейтін айғақтардың жеткілікті екенін жоққа шығарды. Қаржы полициясы тергеу ісін бастады, ол жыл аяғында әлі жүріп жатты. Жергілікті адам құқықтарын қорғаушылар 5 желтоқсанда баспасөз мәслихатын өткізіп, тергеудің кешіктіріліп жатқанын сынады.

ІІМ 2007 жыл барысында әскердегі әлімжеттік жасау мен билікті асыра пайдалануға қатысты 105 қылмыс орын алғанын хабарлады. Ал 2006 жылы 156 қылмыс тіркелген-ді.

Бірнеше жауынгер әскер қатарына жаңадан қосылғандарға дене жарақатын салуын және тіл тигізуін тоқтатпады. Үкімет әскердегі әлімжеттік істерін тергеп, сондай қорлыққа қатысы бар жауынгерлерді сотқа беріп, жыл барысында 18 жауынгерге айыптау үкімін шығарды. Қорғаныс министрлігі арнайы тексерулер жүргізіп, аға офицерлерден өз бөлімдеріндегі жағдай туралы жүйелі есеп талап етті.

#### Түрмелер мен қамау орындарындағы жағдай

ҮЕҰ-дар мен халықаралық бақылаушылар түрмелер мен қамау орындарындағы жағдайдың нашарлағанын мәлімдеді. Бақылаушылар түрмелер мен қамауда отырған адамдарды жәбірлеу әрекеттерінің артқанын, әкімшілік қызметкерлеріне арналған кәсіби дайындық курстарының жоқтығын және тұтқындардың наразылық көрсету мен өз денесін өзі кескілеу әрекеттерін қылмыстық іс деп санайтын 26 сәуірдегі заңнамалық өзгерістерді алға тартты. Заңнамалық өзгерістер, сондай-ақ, тұтқындарды мерзімінен бұрын босату жүйесін түзету органдарынан ІІМ-не беріп, тұтқындарды туберкулезден күштеп емдеуді іске асырды.

Түрмелердегі жағдай ауыр күйінде қалып, түрме жайлары халықаралық денсаулық стандарттарына сай болмады, дегенмен, үкімет түзету мекемелерін дамыту бағдарламасының бір бөлігі ретінде 2007 жыл барысында үш түрмеде және екі қамау орнында өңдеу жұмыстарын бастады. Полиция абақтыларында, сотқа дейінгі қамау орындарында және түрмелерде жәбір көрсету жайттары орын алды. Қазақстан үкіметі түрмеде жазасын өтеушілерді қорлауға итермелейтін жүйелі әрекеттерді жоюға қадам жасады: қамау орындарының үстінен бақылау жүргізетін жергілікті комиссиялардың жұмысын жалғастырды, олардың түрмелерге кіре алуын одан әрі жеңілдетті, түрме қызметкерлеріне арналған тренингтер, ІІМ-нің полиция қызметкерлеріне арналған семинарлар өткізді. 2007 жыл барысында еш түрме қызметкері қорлау әрекеттері бойынша айыпталған жоқ, дей тұрғанмен, үкімет сыбайлас жемқорлыққа байланысты 21 тергеу ісін жүргізіп, жыл соңында сегіз айыптау үкімін шығарды.

2007 жылдың алғашқы он айында қамауға алынған 32 азаматтың тергеу изоляторларында көз жұмғаны туралы мәлімдеме болды. Олардың алтауы өзін-өзі өлтірген. Үкімет жылдың он бір айында түрмелерде 40 өзін-өзі өлтіру оқиғасы болғанын хабарлады.

Түрмелердегі жағдайға наразылық білдірген тұтқындардың өз денелерін өздері кескілеу оқиғалары тоқтамады. Алматының жанындағы Заречний түрмесінің тұтқындары 14 сәуір күні іштерін кесіп, түрмедегі жағдайға наразылықтарын білдірді. Осындай жағдай Заречний оқиғасының артынша 17 сәуір күні Қостанайдағы Арқалық түрмесінде орын алды. Осы екі оқиғада, билік органдары бірнеше тұтқындарды ауруханаға орналыстырды, бірақ олардың жарақаттары өмірлеріне қауіпті болмады. Түрме әкімшілігі тәртіпсіздікті өз қызметкерлері мен түрмедегі бандалық топтардың арасында билік үшін болған шайқастан көріп, түрмеде наразылық көрсету мен өз денесін өзі кескілеу әрекетін заңсыз деп танитын жаңа заңнамалық акті бойынша бірнеше тұтқынға қылмыс айыбын тақты.

Бас прокуратура 8 мамыр күні түзету комитетінің қызметкерлерін жұртшылық алдында сынап, наразылықтардың тұтқындарды азаптау және қорлау салдарынан болғанын мәлімдеді. Бас прокуратура түрмелерде азаптау және өзге тыйым салынған әдіс-амалдар қолданылатынының бірқатар белгілері бар, түрме қызметкерлері тұтқындардың өз денелерін өздері кескілеу жайттарын жасырады деп хабарлады. Билік органдары жоғарыда аталған екі түрменің қызметкерлерінің үстінен тергеу ісін бастағанымен, орын алған оқиғалар бойынша еш түрме қызметкеріне айып тағылған немесе жаза қолданылған жоқ.

Қоғамдық қадағалау кеңесі қорлық әрекеті орын алды деген жайттар бойынша ішкі тергеу жүргізіп, нәтижесін тікелей Әділет министріне жіберді. ҮЕҰ-дар 2005 жылғы заң бойынша құрылған, түзету мекемелерінің үстінен бақылау жүргізетін жергілікті комиссиялардың түрмелердегі адам құқықтары жайын белсенді түрде тексеріп отыратынын айтты. Құрамына үкімет өкілдері, ҮЕҰ-дардың мүшелері және білім мамандары кіретін бұл комиссияларға, жалпы алғанда, Халықаралық қызыл крест қоғамы сияқты, түрмелерге кіруге рұқсат етілген. Дегенмен, ІІМ-нің қарауындағы полиция абақтылары сыртқы бақылаушыларға жабық күйінде қалды. ІІМ жыл барысында өзінің кейбір әрекеттері мен полиция абақтыларының жұмысын бақылау үшін ұлттық және аймақтық қадағалау кеңестерін құрды, бірақ көптеген бақылаушылар кеңестердің тәуелсіз екенін және ешқандай айқын анықталған күзіреті немесе билігі жоқтығын сынады. Адам құқықтары омбудсмены жыл барысында жағдайды бақылау үшін бірнеше түрме мен тергеу изоляторына барды және кейбір жағдайларда адам құқықтарын бұзу әрекеттерін болдырмауға ұсыныстар берді.

в. Заңсыз тұтқындау немесе қамауда ұстау

Конституция мен заң заңсыз тұтқындау немесе қамауда ұстауға тыйым салады, бірақ ол шешілмеген мәселе күйінде қалды.

#### Полиция мен қауіпсіздік күштері

ІІМ негізінен ішкі қауіпсіздікке – қылмыс пен әкімшілік заң бұзушылықты тергеу және олардың алдын алуға, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға – жауапты ұлттық полиция күштерін басқарады. Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі (қаржы полициясы) әкімшілік және қылмыстық тергеу жүргізуге құзіретті. Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) шекара қауіпсіздігі мен ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, лаңкестікке қарсы күресу, заңсыз немесе тіркелмеген экстремисттік және әскери ұйымдар, саяси партиялар, діни бірлестіктер, кәсіподақтар сияқты топтарды тергеу және олардың алдын алуда құқық қорғаушы релін атқарады. ҰҚК, сондай-ақ, «Барлау» атты сыртқы барлау қызметін басқарады. Қаржы полициясы мен ҰҚК тікелей президентке есеп береді.

Сыбайлас жемқорлық туралы сауалнамалар қоғамның полиция жұмысының пәрменділігін төмен деп бағалап, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық көп деген пікірде екенін көрсетті. Тиісті органдар 2007 жылдың он айында 46 полиция қызметкерін сыбайлас жемқор болғаны үшін жұмыстан босатты.

2007 жыл барысында полиция офицерлерінің үстінен сыбайлас жемқорлық пен жәбірлеу туралы шағымдар қабылдайтын ІІМ-нің қызу желісі жұмыс істеді. Бірақ қанша тергеу ісі жүргізілгені туралы статистикалық мәлімет берілмеді.

Құқық қорғау шараларын үйлестіретін кеңеске бас прокурор төрағалық етіп, оның құрамына өзге құқық қорғау агенттіктерінің басшылары кіреді. Кеңес, көптеген міндеттеріне қоса, құқық қорғау органдарының үстінен түскен шағымдарды қарастырады.

ІІМ ҮЕҰ-дармен бірлесе отырып, жергілікті деңгейде полиция қызметкерлеріне арнап адам құқықтары туралы семинар-тренингтер өткізді. Үкімет халықаралық ұйымдармен ынтымақтаса отырып, тергеу машықтарын жетілдіру жолдарын үйрету арқылы қорлауды азайтуды көздейтін саны шектеулі семинар-тренингтер өткізді.

#### Тұтқындау және қамауға алу

Заңға сәйкес, соттар немесе прокурорлар азаматтарды тұтқындау және қамауға алуға рұқсат берулері тиіс. Үкімет 21 мамыр күні конституцияға енгізілген, тұтқындауға рұқсат беру құзіретін

прокурорлардан алып, сот билігі тармағына ғана тапсыратын өзгерісті қабылдады. Осы өзгерісті іске асыратын заңнамалық акт жыл соңында әлі шыққан жоқ. Тұтқындау үшін ордер талап етіледі. Прокурорлардың тінту және тәркілеу секілді тергеу әрекеттеріне рұқсат ету билігі жалғасын тапты. Заң бойынша, полицияға қамауға алынған адамды айып таққанға дейін 72 сағат ұстауға рұқсат етілген. Адам құқықтарын бақылаушылар бұл мерзімнің тым ұзақ екенін сынап, билік органдары осыны қысым көрсету және қылмысты мойындатқызуға пайдаланатынын айтты. Қамауға алынғандарды кепілдікке уақытша босату жүйесі болғанымен, ол кеңінен қолданылмайды. Көптеген азаматтар сотқа дейін тергеу изоляторларында отырады.

Қамауға алынған, тұтқындалған немесе қылмыс айыбы тағылған адамдар қамауға алынған, тұтқындалған немесе қылмыс айыбы тағылған сәттен бастап адвокаттың көмегін алуға хақылы. Дей тұрғанмен, полицияға қамауға алынған адамға адвокаттың көмегін алуға хақысы бар екенін ескерту талабы заң немесе іс жүзінде қойылмаған. Адам құқықтарын бақылаушылар полиция қызметкерлерінің қамауға алынған азаматты адвокатпен кездеспеуге көндіріп, адвокат келгенге дейін бастапқы жауап алу арқылы дәлелдемелер жинап, кейбір жағдайларда дәлелдемелер жинау үшін сыбайлас жемқор адвокаттарды пайдаланғандарын айтты. Заң бойынша, күдікті немесе айыпталушы кедей, жасы кәмелетке жетпеген, ақыл-есі кем немесе мүгедек, не болмаса оған ауыр қылмыс айыбы тағылмақшы болса, үкімет оны адвокатпен қамтамасыз етуге тиісті. Іс жүзінде, қоғамдық қорғаушылар айыпталушыларға көмектесуге дайындығы нашар болды.

Адам құқықтары жөніндегі президенттік комиссияның Адам құқықтары туралы соңғы есебі азаматтардың заңсыз тұтқындалып, қамауға алынуы, қамауға алынғандардың адвокаттарды жедел шақыра алуына және қоғамдық қорғаушылардың біліктілігіне қатысты проблемалардың ұдайы орын алатынын көрсетті.

Үкімет анда-санда бірнеше оппозиция мүшелері мен сыншыларды тұтқындап, қамауға алды, ол кейбір кезде рұқсат етілмеген жиын өткізу сияқты кішігірім заңбұзушылық үшін де болып жатты. Дегенмен, саяси себептермен заң бұзды деген айыппен ұзақ мерзімге қамауға алу туралы мәлімдемелер болған жоқ.

г. Істі әділ де ашық сотта қараудан бас тарту

Заң тәуелсіз судьялар жүйесімен тиісті дәрежеде қамтамасыз етпейді. Атқарушы орган судьялардың тәуелсіздігін шектеді. Прокурорлар жартылай судья рөлінің қызығын көрді және оларға сот шешімдерін уақытша тоқтатуға рұқсат етілді.

Сыбайлас жемқорлық сот процесінің әрбір сатысы мен деңгейінде көрініс тапты. Судьялар ең көп жалақы алатын мемлекеттік қызметкерлердің қатарында болғанымен, заңгерлер мен адам құқықтарын бақылаушылар судьяларды, прокурорларды және басқа шенеуніктерді көптеген қылмыстық істерде сот кесімін әлдекімнің пайдасына шешу үшін адамдарды пара беруге итермелейді деп кінәлады.

Сот жүйесі үш буыннан тұрады: аудандық, облыстық (аймақтық) және Жоғарғы сот. Аудандық соттар барлыққа дерлік қылмыстық істерде бірінші инстанцияның соты болып табылады. Аймақтық соттар ауыр қылмыстық істерді және жергілікті соты жоқ ауылдық жерлердегі істерді қарайды. Аудандық соттың шешімі туралы шағымды аймақтық сотқа жіберуге болады, ал аймақтық соттың кесіміне Жоғарғы сотта дау айтуға болады. Сонымен қатар, әскери соттар бар. Олар ісі қылмыстық сотта қаралып жатқан әскери қызметкерлерге қатысы бар әскери емес адамдардың үстінен сот жүргізу құзіретіне ие. Әскери соттар азаматтық соттармен бірдей қылмыстық кодексті қолданады.

Конституциялық кеңес сайлау және референдум мәселелерін шешіп, конституцияға түсіндірме беріп, парламенттің қабылдаған заңдарының конституцияға сәйкестігін анықтайды. Азаматтардың тікелей Конституциялық кеңеске шағымдануға хақы жоқ.

Президент тағайындайтын Жоғарғы сот кеңесі президентке Жоғарғы сотқа кандидаттар ұсынады, ал президент өз кезегінде оларды сенатқа мақұлдауға жібереді. Кеңес президентке аймақтық (облыстық) деңгейдегі судьялардың кандидатураларын ұсынады, бірақ оларды президенттің өзі тікелей тағайындайды. Судьялар бір тағайындалса, өмір бойы қызмет етеді. Парламент президенттің ұсынысы негізінде Жоғарғы сот судьяларын қызметтерінен босата алса, президент төменгі деңгей сот судьяларын орындарынан ала алады.

#### Істің сотта қаралу тәртібі

2007 жылы ауыр қылмыстық істер, 2006 жылы қабылданған заңнамалық актілерге сәйкес, алқа билер сотында қарала бастады.

Бақылаушылар алқа билер сот жүйесінің енгізілуін қоштап, бірақ алқа билерін таңдау әрқилы мәнерде жүргізілгенін, сотқа қатысушылардың жаңа жүйені білмегенін және алқа билерімен бірге кеңесетін судья істе үстемдік етуге бейім болғанын атап айтты. 2007 жылы 25 алқа билер соты болып, 44 айыпталушының ісі қаралды; алқа билер 40 адамға айыптау үкімін шығарып, төрт адамды ақтады.



Мемлекеттік құпия жария болатындай жағдай немесе азаматтың жеке өмірін не болмаса жанұясын қорғау мақсатында болмаса, сот жұртшылық қауымға ашық болды. Дегенмен, журналисттердің ашық сотқа жіберілмегені жайлы мәлімдемелер болды. Қылмыстық істердегі айыпталушылар заңды өкіл және адвокат қызметіне ақы төлей алмаса үкімет тарапынан қамтамасыз етілетін адвокат алуға хақылы. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, егер айыпталушы жасы кәмелетке жетпеген, ақыл-есі кем немесе мүгедек болса, сот процесі жүргізілетін тілде сөйлемесе, не болмаса оған 10 не одан да көп жылға түрмеге жабылу қаупі төнсе, оның адвокаты болуы тиіс. Іс жүзінде, адвокаттар қылмыстық істердің тек жартысына ғана қатысқан көрінеді. Оған үкіметтің олардың ақысын төлеуге жеткілікті қоры болмағаны жартылай себеп болды. Заң, сондай-ақ, айыпталушыларды өз істерін қарайтын сотқа қатысуға, сотта сөз сөйлеуге және өзін қорғайтын куәгер шақыруға хақылы етеді. Айыпталушыларға кінәсіздік презумпциясы берілген, өздеріне зиянды түсінік беруден қорғалған және олардың жоғары деңгейдегі сотқа апелляциялық шағым жазуға хақы бар. Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) 23 ақпанда жариялаған сот ісін бақылау есебі сотта істің қаралуының заңнамалық негізіне оң баға беріп, бірақ сотқа еркін қатысу, сотта істің қаралу тәртібінің жиі бұзылуы, кінәсіздік презумпциясының жоқтығы, айыпталушыларға құқықтарын нашар түсіндіру және судьялардың айыпталушыларды азаптау, қысым көрсету арқылы қылмысты мойындатқызу орын алды деген шағымдарды тексермеуі және іс жүзіндегі бірқатар проблемаларды атап көрсетті. Соттың әділ болмауы шешілмеген мәселе күйінде қалды, ол әсіресе саясат түрткі болған соттарда және саяси немесе қаржы ықпалы болды делінген істерде көрінді.

#### Саяси тұтқындар мен қамауға алынғандар

Саяси тұтқындар жөнінде мәлімдемелер түскен жоқ. Өткен жылдармен салыстырғанда, саяси емес заңбұзушылық негізінде адамдарды саяси себептермен сотқа беріп, түрмеге жабу туралы хабарламалар болған жоқ.

#### Азаматтық сот тәртібі мен азаматтық құқықтарды қалпына келтіру

Азаматтық істерді қылмыстық сот құрылымы іспеттес құрылымдағы экономикалық және әкімшілік соттардың судьялары қарайды. Заң мен конституцияға сәйкес, азаматтық дау-дамай сотта шешіледі. Іс жүзінде, бақылаушылар азаматтық сотты сыбайлас жемқор және сенімсіз деп санайды. Бақылаушылар азаматтық істегі тараптардың сот шешімін жүзеге асыруда, әсіресе сот әкімшілігіне белгілі бір сомада ақша төлеуден бас тартқан кезде көп қиындық көргенін айтты.

- ғ. Жеке өмірге, жанұяға, үйге немесе хат-хабарға заңсыз қол сұғу

Конституция мен заң бұндай әрекеттерге жол бермейді, дей тұрғанмен, үкімет кейбір кездері бұл құқықтарға нұқсан келтірді.

Заң прокуратураға азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеуге көп билік береді. ҰҚК, ІІМ, қаржы полициясы және басқа агенттіктер Бас прокуратураның келісімімен жеке хат-хабар және қаржы құжаттарының құпиялығын, сонымен қатар, жекеменшік үйге қол сұғылмау құқығын бұза алады. Сот прокуратураның шешімін даулайтын істерді қарауы мүмкін, бірақ ол қол сұғуды тоқтатуға шұғыл бұйрық бере алмайды. Қылмыстық іс жүргізу кодексі аса қажетті жағдайда ордерсіз телефонмен болған әңгімені тыңдауға, оны және электронды пошта арқылы жүрген хат-хабарды жазып алуға рұқсат етеді.

Үкіметтің қарсыластары мен олардың жанұя мүшелері мемлекеттік органдардың кей кезде өз жүріс-тұрыстары мен телефон шалыстарын бақылағанын ұдайы айтумен болды.

Конституцияда жекеменшік үйге қол сұғылмайды және соттың бұйрығынсыз үкімет азаматтарды үйлерінен айыра алмайды делінгенімен, ақпарат құралдары мен адам құқықтарын қолдаушылар әділ сотсыз азаматтарды жиі үкімет жаңа үй тұрғызу жоспарларына байланысты үйлерінен кетуге қысым көрсеткенін немесе күштегенін хабарлаумен болды. Алматы қалалық соты 5 қазан күні Шаңырақ ауданының 25 тұрғынын 2006 жылы шілде айында полициямен ауыр қақтығысқа қатысқандары үшін соттады. Жоспарланған үй құлату әрекетіне қарсы полициямен болған бұл қақтығысты билік органдары заңсыз деп тапты. Көтерілістің төрт жетекшісі 14 жылдан 18 жылға дейін бас бостандықтарынан айрылса, бір айыпталушы ақталып, қалғандары бір жылдан үш жылға дейін шартты жаза алды. Айыпталушылардың шағымы жыл аяғында Жоғары сотта жатты. Бас прокурор 2006 жылы тамыз айында Шаңырақтағы үй құлату әрекетін тоқтату туралы бұйрық шығарып, билік органдары тұрғындарға өз жер мүлігін заңдастыруға уақыт беруге келісті. Дей тұрғанмен, үй құлатуды тоқтату бұйрығының уақыты жыл барысында өтіп, тұрғындардың өз жер мүлігін заңдастыру талпыныстарының барлығы сәтсіз аяқталды. Заңды мәстебесі екіталай болғанына қарамастан, Шаңырақ тұрғындары өз үйлерінде жыл аяғына дейін тұрып жатты.

2 Бөлім Азаматтық бостандықтарды қорғау:

- а. Сөз және БАҚ бостандығы

Конституция мен заң сөз және БАҚ бостандығына кепілдік береді, дей тұрғанмен, үкімет БАҚ-н бақылап, сөз бостандығын шектеу үшін заңдар мен қуғындау, тіркеу құжатын қайтарып алу, Интернетті шектеу, қылмыстық және әкімшілік айыптау сияқты әр түрлі амал-айлаларды пайдаланды. Үкімет шенеуніктерінің журналисттер мен ақпарат агенттіктерін жала жапты деп азаматтық және қылмыстық сотқа беруі мен оларға қарсы өзге сот әрекеттері ақпарат агенттіктерінің жабылуына және өзіне-өзі цензура жүргізуіне әкеп соқты.

Үкімет адамдардың ел басындағыларды сынауын шектеді, ал жергілікті басшылар жергілікті ақпарат агенттіктерінің сыни пікір айтуын шектеуге тырысты. Заң президентке және өзге жоғары лауазымды шенеуніктерге тіл тигізуге тыйым салады. Үкімет тыйым салынған саяси-экстремисттік қозғалыс – Хизб ут-Таърирдың (ХТ) үнпарақтар таратуын саяси және лаңкестік әрекеттерге айдап салу әрекеті және конституция кепілдік беретін сөз бостандығынан тыс деп сипаттауын жалғастырды.

Мемлекеттік статистикалық мағлұматтарға сай, 2544 ақпарат агентігінің 20 пайызы үкіметтің меншігінде. Ірі агенттіктер мен тәуелсіз болып саналатын телерадио арналарының айтарлықтай көп бөлігі президенттің жанұя мүшелері мен сенімді жолдастарының бақылауында делінген холдинг компаниялардың меншігінде болды. Көптеген жекеменшік газеттер мен теледидар стансалары мемлекеттен субсидия алды. Үкімет телерадио хабарларын тарату орындарының барлыққа жуығын бақылайды. БАҚ бостандығын бақылаушылар жеті ұлттық телеарнаның басым көпшілігі толықтай немесе жартылай үкіметтің меншігінде деп сенеді. Жергілікті әкімшіліктер бірнеше телерадио жиілігін меншіктенген, ал тәуелсіз арналар осы жиіліктің көбін пайдаланады.

БАҚ-ның барлығынан Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелу талап етілді, бірақ бұл талап веб-сайттарға қойылған жоқ.

Лицензиялау жүйесі ашық та жариялылық сипатта емес. Үкімет 15 қаңтарда жаңа лицензияларға тендер жүргізді, бірақ БАҚ бақылаушылар үкіметтің тендер нәтижесін алдын ала шешіп қойғанын және барлық жаңа теледидар жиіліктерін үкімет өзі қалайтын компанияларына бергенін мәлімдеді.

Заң шетелдік бағдарламалардың қайта таратылуын стансаның жалпы әуе уақытының 20 пайызына шектейді. Бұл кішігірім, әлі толық дами қоймаған, өз бағдарламаларын жасауға ресурстары жоқ жергілікті телеарналардың халін мүшкілдетті. Дей тұрғанмен, үкімет еш телерадио агенттігінің жұмысын осы заң бойынша тоқтатқан жоқ.

Журналисттерді қорлау және оларға зорлық-зомбылық көрсету шешілмеген мәселе күйінде қалды. Сөз бостандығын қорғайтын «Әділ сөз» ҰЕҰ-ы жылдың 11 айында 144 журналистті қорлау және зорлық-зомбылық көрсету оқиғасы орын алғанын хабарлады. Алдыңғы жылы осындай мерзім ішінде 122 оқиға болған-ды. Ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлық туралы хабар беретін журналисттер өздерін үкімет қызметкерлері мен жекелеген адамдардың қуғындайтынын және үрейлендіретінін мәлімдеді.

Орал қалалық экономикалық соты 11 қаңтар күні «Уральская неделя» газетіне жергілікті бір компанияның үкімет қаржысын мақұлданбаған жобаға пайдаланды дегені үшін сол компанияға \$2350 (300,000 теңге) көлемінде моралдық өтемақы төлеуін бұйырды. Оған қоса, жергілікті баспаханалар жергілікті әкімшілік қызметкерлерінен қысым көргендерін айтып, бірінен соң бірі газетті басып шығару келісім-шарттарын тоқтатып немесе газетті басып шығарудан бас тартты. Газеттің редакторы мен ұлттық және халықаралық ақпарат құралдарын бақылаушылар газет жергілікті сыбайлас жемқорлық туралы мақала жазғаны үшін жергілікті билік органдары газетке қарсы үрейлендіру және қысым көрсету науқанын жүргізді деп есептейді. Үкіметтің қысымының нәтижесінде газет 500 километр қашықтықтағы Атырау қаласынан баспахана тауып, пайдалануға мәжбүр болды. Ақпарат құралдарының бостандығын бақылаушылар маусым айында билік органдары жергілікті компанияларды аталмыш газетпен жасаған шарттарын бұзуға мәжбүрледі деп мәлімдеді. Берілген газет жыл соңында әлі жарық көріп жатты.

Апелляциялық сот 26 ақпан күні оппозициялық журналист Қазиз Тоғызбаевтың шағымын қанағаттандырмады. Алматы ҰҚК 2006 жылы маусым және тамыз айларында Тоғызбаевты екі рет сотқа бергеннен кейін, Алматыдағы Бостандық ауданы соты Тоғызбаевты президенттің ар-намысына тигені үшін айыптап, шартты екі жыл мен екі жыл сынақ мерзімін берді.

Бас прокуратура 5 сәуір күні ашық түрде хабар агенттіктеріне Алматы қаласының сыртындағы ауыр қақтығысты этносаралық дау деп суреттемеуді ескертті, қалай дегенмен де бес адамның өліміне әкеп соққан төбелес этникалық қазақтар мен шешендер арасында болған-ды. Билік органдары төбелестің этникалық өшпенділікке қатысы жоқ қарапайым қылмыстық жайт деп бақты; Бас прокуратура осы жайтты басқаша көрсету әрекеті этностық жеккөрушілік пен алауыздыққа итермелеуге қарсы заңды бұзатынын және қылмыстық сотқа берілуі ықтимал екенін мәлімдеді.

Үкімет 24 мамыр күні бірнеше заңбұзушылық орын алды деген айыппен ұлттық КТК телеарнасы мен «Караван» газетінің жұмысын уақытша тоқтатты. Қуатты саяси тұлға және Президент Назарбаевтың бұрынғы күйеу баласы Рахат Әлиев бұл агенттіктерді бақылады; тыйым салынбас бұрын үкімет Әлиевтің үстінен қылмыстық іс қозғағанын жариялап, оны Австриядан қайтарып алу жұмысын бастады. Әлиевтің ісі туралы хабар бермеу келісімдерін алғаннан кейін, үкімет ақпарат агенттіктеріне хабар беру және газетті жарыққа шығару жұмысын қайта жалғастыруға рұқсат етті. Үкімет тергеу барысында Әлиевті осы агенттіктерге қожалық етуден босатты.

Астанадағы Сарыарқа аудандық соты 7 шілде күні «Время» газетінің Мәдениет және ақпарат министрі Ермұхамет Ертісбаевтың үстінен берген тіл тигізді деген шағымын қанағаттандырмады. Министр 9 наурыз күні берген сұхбатында «Время» газетінің журналисттерін «оңбағандар мен алаяқтар» деп атаған болатын. Сол күні министрдің газеттің үстінен берген шағымын жартылай қанағаттандырды. Шағым 28 маусым күні жарық көрген, министрді «өзінің тек ақпаратқа ғана жауапты емес, сонымен бірге мәдениетке де жауапты болуға» шақырған мақала негізінде берілді. Сот «Время» газетіне келтірген зияны үшін 41 доллар (5000 теңге) төлеуді бұйырды. Астана қалалық соты 15 қыркүйек күні Ертісбаевтың сөздерін «оның жорамал сипатындағы жеке сыни пікірі» және «нақты адамдарға қарсы бағытталмаған» деп, төменгі инстанция сотының шешімін өз күшінде қалдырды.

Ұлттық «Хабар» телестансасы шілде айында жарнамаға түскен адамдардың барлығынан жазбаша келісім алынбағанын алға тарта отырып, оппозициялық Ұлттық социалистік-демократиялық партиясының (ҰСДП) қатты соққы беретін бірнеше жарнамасын көрсетуден бас тартты. ҰСДП 21 шілде күні үкіметті жарнамаларға заңсыз тосқауыл қойды деп айыптап, Орталық сайлау комиссиясына (ОСК) ресми шағым жазды. ОСК-ның ақпарат құралдарының үстінен түскен шағымдарды қарау органы мен Әділет Министрлігінің (ӘМ) сарапшылар тобы жарнамалар заңсыз, себебі олар әлеуметтік шиеленіс тудыруы ықтимал деген қорытынды жасады. ҰСДП-ның жарнамалары ешқашан көрсетілген жоқ, бірақ партия өзге жарнамаларын көрсете алды.

Өткен сайлаулармен салыстырғанда, осы жылғы науқан барысында үкімет оппозициялық газеттерді тартып алу немесе оларға тосқауыл қоюға еш тырысқан жоқ және газеттерге парламентті сайлау науқаны мен оппозициялық партиялар туралы еркін түрде жазуға рұқсат етілді.

Құқық қорғау қызметкерлері 30 қазан күні оппозициялық төрт газеттің («Свобода Слова», «Республика», «Тас жарған» және «Взгляд») үстінен салық және әкімшілік тергеуін бастап, баспаханалар газеттерді басып шығарудан бас тартты. Газет қызметкерлері үкіметті президенттің бұрынғы күйеу баласы Рахат Әлиевке қатысты жанжал туралы мақала жазғандары және кейбір бақылаушылар Әлиевтен келді деп жорамалдаған, жоғары лауазымды шенеуніктер арасында телефон арқылы болған әңгімелердің жазбасын жариялағандары үшін қудалады деп айыптады. Мәдениет және ақпарат министрі Ертисбаев 1 қараша күні бірқатар оппозициялық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесіп, баспасөз мәлімдемелеріне қарағанда, егер газеттерінің жарық көргенін қаласа, Әлиевтен келген барлық материалды жариялауды тоқтатуларын талап еткен. Содан кейін көп ұзамай, үкімет газеттердің үстінен жүргізіп жатқан тергеу істерін жауып, аталмыш газеттер жарық көре бастады.

2006 жылы шілдеде күшіне енген, ақпарат құралдарының жұмысын шектейтін заң бойынша күштеп жабылған хабар агенттіктері туралы мәлімдемелер болған жоқ. БАҚ туралы заңға енгізілген өзгерістер БАҚ иелерінен егер редакторы, мекен-жайы немесе басылымының жиілігі өзгерсе қайта тіркелуді талап ете отырып, үкіметтің бақылауын күшейтіп, жала жапты деп айыпталған адамның өзге агенттікте менеджер қызметін атқаратын редактор болуына тыйым салады, сот бұйрығымен жабылған агенттіктің атына ұқсас атпен агенттікті тіркеуге рұқсат бермейді, қазақ және орыс тілдеріндегі бағдарламаларды талап етіліп қойылған 50 де 50 мөлшерінде жүргізбегені үшін айыппұл салады.

2006 жылы сәуірде соққыға жығылған «Айна Плюстың» журналисті Кенжеғали Айтбақиевтің ісінде өзгеріс болған жоқ. Шабуыл газеттің шетелдік компаниялардың Президент Назарбаев пен өзге жоғары лауазымды шенеуніктерге заңсыз ақша төлегені ықтимал деген ескі парақорлық жанжалы, яғни «Қазақгейт» ісі туралы хабар бергендіктен болды делінді.

2005 жылы «Регион Плюс» газетінің Қапшағайдағы кеңсесінің қиратылу ісі бойынша еш өзгеріс болған жоқ. Газет қызметкерлері бұл қылмыстық әрекет өздері жазған мақалаға жауап ретінде істелді деп сенді.

Мемлекеттік құпияны жария етуге және таптық, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни үстемдікті, мейірімсіздік пен зорлық-зомбылықты уағыздауға тыйым салатын түзетулер бойынша үкімет ақпараттың мазмұнын шектей алады. БАҚ иелері, редакторлары, таратушылары және журналисттер егер ақпарат ресми тараптан келмесе оның мазмұны үшін азаматтық және қылмыстық істе

жауапты. Үкімет осы ережені БАҚ бостандығын шектеуге пайдаланды. Заң «экстремизмді» жарнамалайтын немесе дәріптейтін кез келген мәлімдемені жарыққа шығаруға тыйым салады. Халықаралық заң мамандары терминнің мағынасы тым көмескі, үкімет оны анықтауы қажет деп санайды.

Президентті сынағысы келетін ақпарат агенттіктері үкіметтің құқық қорғау немесе азаматтық сотқа беру әрекеттері сияқты үркіту-қорқыту көрді. Бұл оқиғалар барлық ақпарат агенттіктерін қалтыратқанымен, үкімет саясатын сынға алу тоқтаған жоқ.

Мемлекеттік құпиялар туралы заң бойынша президенттің денсаулығы, қаржысы немесе жеке өмірі жайлы ақпарат, сонымен қатар, ұлттық минералдық ресурстар мен мемлекеттің шетелдік несие берушілерге қарыздары сияқты экономикалық мағлұмат беру қылмыстық іс деп саналады. Ақпарат агенттіктері бұндай мәселеден аулақ болу үшін президент пен оның жанұясы туралы мәліметке келгенде өз-өздеріне цензура жүргізді.

Жеке тұлғалар үкіметтің атынан жала жапты деген айыппен өзге тұлғаларды қылмыстық сотқа бере алады, сотқа берген адам осындай айып бойынша азаматтық сотқа да жүгіне алады. Үкімет шенеуніктері ақпарат агенттіктерінің жағымсыз мәлімет таратуын тыю үшін заңның жала жабу мен әшкерелеуді шектейтін осы ережесін пайдаланды. Қылмыстық және азаматтық кодекстің екеуі де азаматтарды жалаға толық жауапты етеді. БАҚ иелерінің, редакторлардың, таратушылардың, баспаханалардың және журналисттердің берілген ақпараттың мазмұнына жауапты болуы және ақпараттың қайдан келгеніне қарамастан оның дұрыстығын дәлелдеуге міндетті болуы әр деңгейде өз-өздеріне цензура істеуге ықпал етті. Кейбір кездері жалаға салынатын айыппұлдың көлемі тым үлкен болды.

#### Интернет бостандығы

Үкімет Интернетті пайдалануға ресми шектеуліктер қойған жоқ, бірақ бақылаушылар үкіметтің электронды пошта мен Интернеттегі әрекеттерге бақылау жүргізгенін, оппозициялық веб-сайттарға бөгет жасап не болмаса оларды бәсеңдеткенін және Интернеттегі чат бөлмелеріне үкіметті жақтайтын үгіт таратқанын айтты. Интернет қызметімен қамтамасыз ететін үкімет меншігіндегі Қазтелеком мен жекеменшік Нұрсат компанияларын үкімет реттеп отырды. Осыған қарамастан, веб-сайттарда үкіметті сынайтын пікірлер мен өзге сан алуан көзқарастар білдіріліп жатты. Үкіметтің статистикалық ақпараттарына сәйкес, елде 600000 тұрақты Интернет қолданушы бар (жалпы халықтың 4 пайызы). Олар негізінен қалалық жерлерде тұрады. Қазтелеком ақпан айында

Интернет тарифін төмендетті. Үкімет бұны Интернет қолданысын көбейту шарасы деп мәлімдеді.

Ақпараттандыру және байланыс агенттігі (АБА) «.kz» доменіне тіркелу тәртібін бақылады. Егер тұтынушылар елдегі серверлердің орналасқан жерін көрсете алмаса, АБА олардың доменін уақытша немесе мүлдем тоқтата алады. Бақылаушылар тіркелу тәртібінің тым көп шектеу қоятынын және дұрыс қолдану жағынан осал екенін сынады.

Халықаралық адам құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның Қазақстандағы бюросы Ресей, Қырғыз Республикасы және Қазақстанда орналасқан серверлердің бірлесіп, веб-сайтына шабуыл жасағанын хабарлады. Шабуыл Президент Назарбаев жаңа парламентті сайлау туралы жария еткеннен кейін көп ұзамай орын алып, аталмыш ҰЕҰ-ның веб-сайтын бірнеше айға жапқан. Веб-сайт тамыз айында өткен парламентті сайлау кезінде сол бұзылған күйінде болған. Бюроның басшылары шабуыл үкіметтің сайлауға дейін айтылуы ықтимал сыни пікірді тұншықтыру және адамдарға елдегі адам құқықтарының хал-жағдайы туралы оқытып-білдірмеуі үшін істеген әрекеті деген сенімде болды.

ҰҚК 16 тамыз күні діни және ұлтаралық өшпенділікті тудырып, президентке тіл тигізді деген айыппен және сол айыпты электронды пошта арқылы Әлімбековтың өзі жіберген хаттарға негіздей отырып, өзін-өзі жазушы және саяси сарапшы деп атайтын Нұрлан Әлімбековты тұтқындады. ҰҚК-нің өкілі электронды хаттарды алуда үкіметтің жеке өмір туралы заңды бұзбағанын, өйткені Әлімбековтың оларды шетелдердің дипломатиялық өкілдеріне және өзге көптеген адамдарға жібергенін, соңында олардың үкіметке қарай жол тапқанын айтты. Әлімбеков жыл соңында сотын күтіп жатты.

БАҚ бостандығын бақылайтын «Әділ сөз» қоғамдық бірлестігі мен екі тәуелсіз веб баспаханалары жоғары лауазымды қызметкерлердің арасында телефон арқылы болған әңгімелердің таспасы мен жазбасын жариялағандары үшін оппозициялық бағыттағы төрт веб-сайтқа үкіметтің тосқауыл қойғанын айтты. Веб-сайттар қазан айының ортасында жабылғанымен, төрт веб-сайттың үшеуі басқа елдерде орналасқан серверлер арқылы ашық болды. Мәдениет және ақпарат министрі Ертісбаев бұл іске үкіметтің қатысын жоққа шығарып, үкімет кейбір веб-сайттардың өкілдерін 1 қараша күнгі Ертісбаевпен кездесуге шақырды.

Академиялық бостандық пен мәдени шаралар



Үкімет жалпы алғанда академиялық бостандықты шектемегенімен, білім және ғылым қызметкерлеріне, өзге азаматтармен бірдей, президенттің ар-намысына тиюге тыйым салынды.

ә. Бейбіт жиын және ұйым бостандығы

Жиын бостандығы

Заңда жиналуға шектеулі бостандық берілгенімен, бұл құқық іс жүзінде айтарлықтай шектеліп, полиция бейбіт ереуілдерге кедергі жасауда күш қолданды. Заңда әлеуметтік және саяси тұрақтылықты бұзатын, ресми рұқсат етілмеген жиындар, қоғамдық жиналыстар, шерулер, ереуілдер, заңсыз тосқауылдар және бүліктер ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін әрекеттер деп саналады.

Оппозиция мен адам құқықтарын бақылаушылар қиын да көмескі рұқсат алу тәртібі мен 10 күндік ескерту мерзімі топтардың қоғамдық жиналыс пен ереуіл ұйымдастыруын қиындатты деген шағым айтып, жергілікті әкімшіліктер өтініштердің көпшілігін орындамады деп хабарлады. Қазақстандағы Адам құқықтары туралы есептің ең соңғысы қоғамдық жиынды реттейтін заңдардың көмескі және субъективті түрде қолдануға қолайлы екенін мойындап, олардың халықаралық стандарттарға жетпейтінін айтты. Үкімет жиі саяси партиялардың жиналыстары мен ресми рұқсат етілмеген жиындардың ұйымдастырушыларын қысқа мерзімге қамауға алып, айыппұл салды.

Билік органдары жаңа конституциялық өзгерістерге наразылық білдірген бірқатар жиындарды таратты. 30-ға жуық азамат 24 мамыр күні Алматыдағы орталық алаңда ресми рұқсат етілмеген жиналыс өткізді. Билік органдары оппозициялық журналист Сергей Дувановты қысқа уақытқа қамауға алып, айыппұл салды, 29 мамыр күні журналист Екатерина Беляеваны «Конституциялық өзгерістер – тоталитаризмге апарар жол» деген жазуы бар белгі ұстап шыққаны үшін қысқа уақытқа қамауға алды, 8 маусым күні «Социалистік Қарсылық» атты жастар қозғалысының бірнеше мүшесін үкіметті, Нұр Отан партиясын және жаңа конституциялық өзгерістерді мазақ етіп, ресми рұқсат етілмеген жиын өткізгендері үшін тұтқындады.

Ұйым бостандығы

Заң шектеулі ұйым бостандығына кепілдік береді, дегенмен, іс жүзінде бұл құқыққа айтарлықтай көп шектеулік қойылған. Азаматтар құрған кез келген қоғамдық ұйым – оның қатарында діни топтар да бар – Әділет министрлігінде және ұйым іс-қимыл жүргізетін әр аймақтағы министрліктің жергілікті бөлімінде тіркелуге тиісті. Заң қоғамдық немесе діни ұйымдардан өз

әрекеттерін нақты анықтауларын талап етеді және өз жарғысының аясынан тыс әрекет ететін ұйымдарға ескерту берілуі, айыппұл салынуы, уақытша тоқтатылуы немесе түбінде мүлдем тыйым салынуы мүмкін. Тіркелмеген қоғамдық ұйымдарға мүше болу айыппұл төлеу, таратылу немесе түрмеге жабылу сияқты әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылумен тынуы ықтимал.

Тіркелмеген ұйымдарға тыйым салу көбінесе билік органдары үшін ұйымдардың іс-әрекетіне кедергі болуға сылтау болды. Діни топтар мен өзге мүшелік ұйымдардың жергілікті деңгейде тіркелуі үшін 10 мүшесі, ал ұлттық деңгейде тіркелуі үшін барлық облыстардың жартысында бөлімшелері болуы тиіс. Саяси партиялар мен кәсіподақтар мүшелік ұйым болып саналады, бірақ оларға қосымша арнайы тіркелу талаптары қойылған. Заң партиялардан әр облыстағы 700-ді қосқанда 50000 қол қойылған тізім талап етіп, ұлттық, жыныстық немесе діни негізде партия құруға тыйым салады. Заң қарулы күштердің мүшелеріне, ұлттық қауіпсіздік пен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және судьяларға кәсіподақтар немесе саяси партияларға мүше болуға тыйым салады.

ҮЕҰ-дар тіркеу тәртібінің біршама реттелгенін айтқанымен, тіркеу үдерісінің өзінде сыбайлас жемқорлық әдеттегі жайт болды. Адам құқықтарын қолдайтын және саяси саладағы ҮЕҰ-дардың тіркелуі кешіктіріліп, олар көп әкімшілік кедергілерге кезікті, дей тұра, үкіметтің ұйымдарды тіркеуден бас тартқаны немесе жапқаны туралы мәлімдемелер болмады.

2005 жылы ақпанда қабылданған экстремизм туралы заң бойынша кейбір тыйым салынған ұйымдарға мүше болу қылмыс деп есептелінеді. Хизб ут-Таһрир осы заң бойынша тыйым салынған бірден-бір бірлестік болды. Хизб ут-Таһрир өзін зорлық-зомбылыққа қарсы ұйым деп атағанымен, өшпенділікті жарнамалап, лаңкестік іс-қимылдарды мадақтады. Партияның еврейлер мен батыс әлеміне қарсы ызаға толы әдебиеті зайырлы үкіметтерді, оның ішінде Орталық Азия үкіметтерін құлатып, бір дүниежүзілік исламдық үкімет орнатуға шақырды.

## б. Дін бостандығы

Конституция мен заң дін бостандығына кепілдік береді және діни қауымдастықтардың ғибадат ету шараларына үкімет жалпы кедергі келтірмеді. Дегенмен, жергілікті және облыстық әкімшілік қызметкерлері кейбір кездері бірнеше топтардың, әсіресе үкімет «дәстүрлі емес» деп атаған қауымдастықтардың діни істеріне шектеу немесе бақылау қоюға әрекеттенді. Конституция Қазақстанды зайырлы мемлекет деп, дінге кірмеу құқығын қамтамасыз етеді.

Үкімет халық алдында өзінің діни төзімділік пен алуандылықты қолдайтынын айтуын жалғастырды.

Қоғамдағы діндер арасындағы жалпы алғанда жылы қарым-қатынас дін бостандығына үлес қосты. Ел ұзақ төзімділік пен зайырлылық дәстүрі бар көп ұлтты мемлекет болып табылады. Мұсылман, орыс православиесі, римдік католик және еврей дін басылары қоғамда өздеріне деген сыйластық жоғары деңгейде екенін айтты. Халық, нақтырақ айтқанда ауылдық жерлердегі азаматтар кейбір кезде үкімет «дәстүрлі емес» деп санайтын діндерге сезікпен қарайды. Жыл барысында тіркелген діни бірлестіктердің, құрамы аз және дәстүрлі емес діни ұйымдардың, ғибадат ету орындарының саны өсті.

Дін туралы заңдар конституцияда айтылған дін бостандығын заң тұрғысынан қорғауды шектейді. Бұл заң бойынша, діни бірлестіктер үкіметке және өз бөлімшелері орналасқан жекелеген облыстарда тіркелуге тиісті. Миссионерлер жыл сайын тіркеліп, оларды ресми тіркелген діни ұйым қаржыландыруы тиіс. Қолданылатын әдебиеттер мен материалдар тіркеу нысандарымен бірге тапсырылуы қажет; тіркелу кезінде көрсетілмеген материалдарды пайдалану заңға қайшы келеді. Тіркелген ұйымдар ғана жылжымайтын мүлік сатып алу немесе жалдау, қызметкерлерді жұмысқа алу, т.б. үшін заңды тұлға ретінде әрекет ете алады.

Іс жүзінде, діни қауымдастықтардың көпшілігі үкіметке барып, тіркелуді қалайды және түптеп келгенде сәтті тіркеліп алады. Дәстүрлі емес діни бірлестіктер кейбір кездері тіркеу ісі ұзақ уақытқа кешіктірілгенін хабарлады. Ресми тіркелмеген діни топтар өздеріне қарсы сот әрекеттерінің және тіркелмегендері үшін салынған айыппұл көлемінің көбейгенін мәлімдеді. Кейбір діни бірлестіктер, сондай-ақ, өздерінің ұлты, жанұя мәртебесі, діни білімі, қызметі және саяси ұйымдарға қатысы туралы мағлұмат беруі талап етіліп, тіркелу процесінің жеке өмірлеріне қолсұғушылық сипатта болғанын айтты.

Баптист шіркеулері кеңесі бұрынғы Кеңес елдерінде тіркелуге талаптанбау немесе оны қабылдамау саясатын ұстанады. Берілген есепте қамтылған уақыт ішінде Шіркеулері кеңесі тіркелмеген бірлестіктің шараларына қатысқандары үшін шіркеуге барушылардың үстінен бірнеше сот ісі жүргенін айтты. Шіркеу мүшелері алдыңғы жылдармен салыстырғанда, бірнеше жайттарда соттың айыппұл төлету, жер-үй мүліктерін тартып алу, ақшаны өндіріп алу бұйрықтарын іске асыра бастағанын хабарлады. Билік органдары Шымкент қаласындағы бір пасторды үш күнге түрмеге қамады.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілігі ақпан айында «Діни экстремизмге қарсы қимыл» атты экстремизмнің алдын алу шарасын өткізіп, нәтижесінде сегіз пастор мен шіркеу басы тіркелу заң-ережелерін бұзғаны үшін қамауға алынды. Әкімшілік бұл шараның бүкіл ТМД-да жүргізілген бағдарлама аясында лаңкестікке және зорлық-зомбылық тән экстремизмге қарсы күресу үшін өткізілгенін мәлімдеді. Үкімет көп жағдайларда баптист және евангелиялық христиан шіркеу басыларына айыппұл салды.

Қазақстандық Йегова куәгерлерінің діни орталығы үкіметпен қарым-қатынасы жалпы алғанда жақсы болып, өз іс-әрекеттерін еркін жүргізгенін айтты. Аталмыш ұйымның Атырау облысында тіркелуге талпынысы 2001 жылдан бері сәтсіз аяқталуда. Атырау облыстық прокуратурасы бұл топтың тіркелу талаптарын орындай алмағанын айтты және үкімет бірлестікке тіркелуге рұқсат бермеді. Атырау полициясы мен прокуратурасы қатысушыларды бейнетаспаға түсіріп алып, құлшылық ету материалдарын тартып алып, Йегова куәгерлерінің жиынына кедергі келтірді. Атыраулық бірлестік жыл соңында тіркелмеген күйінде болды.

Йегова куәгерлерінің орталықтары жыл барысында 2 сәуір күні бірнеше қалаларда үй қожайындарының діни рәсім өткізуге берген рұқсаттарын қайтарып алғандары сияқты өздерінің жиындарына үкіметтің кедергі келтіргенін хабарлаумен болды. Дей тұрғанмен, Йегова куәгерлері басқа жерлерде өз рәсімдерін өткізе алды.

Алматы жанындағы Қарасай ауданы әкімшілігі Харе Кришна қозғалысының жерін тартып алу әрекетін жалғастырды. Қарасай әкімшілігінің қызметкерлері 15 маусым күні тұрғындардың мүліктерін қиратып, оларды баспанасыз қалдырып, Харе Кришна кешеніндегі 12 үйді бұзды. Шенеуніктердің мәселені пікір алмасу және Харе Кришна мүшелеріне басқа жер мүлігін беруге келісім арқылы шешуге уәде бергендеріне қарамастан, үкіметтің ұйымдастырған үй бұзу әрекеті орын алды. Үкімет мәселені мүлік дауы деп сипаттағанымен, Харе Кришна мүшелері жыл аяғында үкімет тарапынан жауап болмағанын айтумен болды.

Бақылаушылар қауіпсіздік қызметкерлері кейбір дін шараларын, нақтырақ айтқанда, мұсылман имамдарының уағыздарын бейресми түрде бақылады деп сенеді. Дей тұрғанмен, ондай әрекеттердің кедергі келтіру немесе жәбірлеу сипатында болғаны туралы мәлімдемелер түскен жоқ.

#### Қоғамдық қорлау мен кемсіту

Әділет министрлігі осы баяндамада қамтылған уақыт аралығында азаматтарға діни секталардың «ықпалынан аулақ болуға» көмектесу

мақсатында жазылған кітапшалар таратты. Кітапшаның қазақ тілінде жазылған бөлігінде Йегова куәгерлері, баптистер, ахмадилер және Хизб ут-Таърирден сақ болу нақты айтылады. Йегова куәгерлері орта мектеп мұғалімдерінің 2006 жылдың қазан айында кітапшаны оқушыларына таратқанын естігеннен кейін оған қарсы наразылық білдірді. Діни істер жөніндегі комитет (ДІК) кітапшаны Әділет министрлігінің басқа бір бөлімі комитеттің рұқсатынсыз шығарғанын және өндірістен алынып тасталғанын мәлімдеді.

Хизб ут-Таърирдің антисемистік әдебиет таратқанынан басқа, антисемистік сипаттағы оқиғалар туралы мәлімет болған жоқ. Еврей қауымдастығының басшылары үкімет немесе қоғам тарапынан ешқандай антисемитистік іс-әрекет болмағанын мәлімдеді.

Толығырақ мағлұмат алу үшін *Халықаралық дін бостандығы туралы 2007 жылғы есепті* қараңыз.

- в. Ел ішінде еркін жүріп-тұру, өз елінде мекенінен айрылған адамдар, босқындарды қорғау және азаматтығы жоқ адамдар

Заң осы құқықтармен қамтамасыз етеді, бірақ кейбір реттеу шаралары оларға шектеу болды. Елде бес күннен артық мерзім болған азаматтар мен шетелдіктерден көші-қон полициясында тіркелу талап етіледі. Елге кірген шетелдіктер белгілі бір шекара бекеттерінде тіркеуге тұра алады. Елдің көп бөлігінде тіркеу негізінен белгіленген тәртіп болғанымен, кейбір шетелдік азаматтар жергілікті әкімшіліктің тіркелу аяқталмас бұрын пара сұрағанын мәлімдеді. ИИМ 2007 жыл барысында елде тұру ережелерін қатаң бұзғандары үшін 15000-нан астам шетелдіктерді елден қуды; олардың 1000-нан басқа ТМД елдерінің азаматтары болды.

Қылмыстық тергеуде күдікті болған адамдардан тұратын мекенінен кетпейтіні туралы қолхат жазу талап етілді. Полиция адамдарды қылмыстық іске күдікті болмаса да тәртіп бойынша жеке куәліктерін тексеруге қамауға алды.

Үкімет азаматтардың уақытша сапарға елден шығу визасын талап етпегенімен, қылмыстық немесе азаматтық істері тергеліп не болмаса сотта қаралып жатқандар, түрме жазасын немесе міндетті әскери борышын өтемегендерге елден шығуға рұқсат бермеді. Сонымен қатар, жалған құжаттар ұсынған сапар шегушілерге елден шығуға рұқсат берілмеуі мүмкін болып, әскери борышын өтеп жатқандардың сапары бақылауға алынды. Ұлттық қауіпсіздік туралы заң мемлекеттік құпиялармен жұмыс істейтін адамдардың өздері қызмет ететін мемлекеттік агенттіктерден елден уақытша шығуға рұқсат алуын талап етеді.

Заң күштеп жер аударуға тыйым салады және үкімет ондай әрекетке барған жоқ.

Заң азаматтардың басқа елге көшу және елге қайта оралу құқықтарын қорғайды және үкімет бұл құқықтарды іс жүзінде жалпы сақтады. Бірақ Ұлттық қауіпсіздік туралы заңның орны ерекше; берілген заң бойынша мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеген адамдарға қызметтерінен кеткеннен кейін бес жылға шет елде тұрақтауға тыйым салынады. Басқа елге көшіп-қону үшін тұрақты шығу визасы керек; бұндай виза алу адамның қылмыс, несие әрекеттерін тексеруді және ата-анасы мен қамқорлығындағы адамдардан шығу визасының берілуіне қарсы еместіктерін білдіретін хат алуды талап етеді.

Шетелдіктерден Қытаймен шекаралас кейбір аудандарға және әскери бөлімдерге жақын қалаларға баруға алдын-ала рұқсат алу талап етілді. Үкімет нақты бір мекендерді әскери базаларға және Байқоңыр ғарыш орталығына жақын болғандықтан шетелдіктерге жабық деп жариялады. Іс жүзінде шетелдіктер бұл мекендерге ІІМ-нен алдын-ала рұқсат алып бара алды.

#### Босқындарды қорғау

Заң Босқындардың мәртебесі туралы БҰҰ-ның 1951 жылғы жарғысы мен 1967 жылғы хаттамасына сәйкес босқындарды паналатып немесе оларға босқын мәртебесін береді. Бірақ үкімет босқындарды қорғау жүйесін құрған жоқ. Жарғыны толықтай жүзеге асыруға қажетті заңнамалық актілердің жоқтығы босқындарға әрқалай қарауға жол беріп, босқындардың жұмыс істеуге хақы бар-жоқтығы сияқты босқын мәртебесінің көп жақтарын түсініксіз күйінде қалдырды. Іс жүзінде, үкімет әдетте босқындарды күштеп қайтарып алудан, яғни белгілі бір елде қуғындалу қаупі төнген адамдарды сол елге қайтарудан қорғады. 2006 жылмен салыстырғанда, 2007 жыл барысында босқындар күштеп Өзбекстанға қайтарылған жоқ.

Үкімет БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі басқармасының бас комиссарымен ақылдаса отырып, ТМД елдері мен Қытай азаматтарынан басқа пана іздеген адамдарды тіркеуге алып, олардың мәртебесін анықтады. Тек президент қана саяси пана бере алады, бірақ осы жыл барысында ондай оқиға тіркелген жоқ. Кейбір жағдайларда пана іздеушілер мен босқындарға БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі басқармасы оларды қабылдайтын үшінші бір елді тапқанша елде тұруына рұқсат етілді. Үкімет елге келіп қойған босқындарды тіркегенімен, қайта орнығуға келген босқындарды қабылдамады. Үкімет, сонымен бірге, 1951 жылғы жарғы мен 1967 жылғы хаттама

бойынша босқын болып саналмауы мүмкін адамдар мен ауғанстандық босқындарды уақытша қамқорлыққа алды.

Үкімет іс жүзінде ТМД елдері мен Қытайдың азаматтарына босқын мәртебесін бермейді не паналатпайды. Үкімет ТМД елдерінің арасында визасыз еркін жүруге болатындықтан, олардың азаматтары босқын мәртебесін қажет етпейді деп мәлімдеді. ТМД елдері азаматтарының жағдайы толық қорғалатын босқын мәртебесін емес, уақытша ұзартылатын мәртебе беретін көші-қон заңы бойынша қаралады. Қытай азаматтарына еш заңды мәртебе берілмейді, бірақ ел бейресми түрде оларға төзімділікпен қарайды. Адам құқықтарын қолдаушылар іс жүзінде ТМД елдері мен Қытай азаматтарының ресми мәртебе алуға талпынбағанын айтты. БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі басқармасының қамқорлығын алуға тырысқан адамдар жалпылай алғанда мәртебе ала алды. Үкімет басқарманың босқын сертификаттарын жалпы алғанда заңды деп таныды.

БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі басқармасы осы жылы босқындар мен пана іздеген адамдарға көмектесуде үкімет жалпы ынтымақтастық көрсеткенін мәлімдеді. Үкімет жалпы алғанда басқармаға қамауда отырған шетелдіктермен босқын мәртебесіне лайықты екенін анықтау мақсатында кездесуге рұқсат етті. Үкімет бұрынғы Кеңес республикаларының бірнеше азаматы болмаса, өзге босқындарға негізінен төзімділікпен қарады. Үкімет төлқұжаттары жоқ немесе елге заңсыз кірген босқындарға тіркелуге рұқсат бермеді, бірақ басқарма паналаушы мәртебесіне өтініш тапсырған адамдардың атынан ондай жайттарға араласты.

Еңбек министрлігінің жанындағы көші-қон комитеті БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі басқармасы және «Босқындарға заңнамалық қолдау көрсету» деп аталатын жергілікті ҰЕҰ-мен бірлесіп, босқындардың өтініш-шағымдарын қарады. ТМД елдерінің арасындағы Көші-қон туралы Минск жарғысына сай, үкімет шешендерді босқын деп санамады. Кез келген ТМД азаматымен бірдей, шешендер 180 күндік уақытша заңды тұрғын мәртебесін ала алады. Бұл уақытша мәртебені ұзартуға болады, бірақ жергілікті көші-қон агенттіктері ұзарту процесінде өз шешімін қабылдай алады. Кейбір жағдайларда олар шешендердің Шешенстанға аман-сау қайта алмайтындықтарын пайдаланып, пара сұраған.

Үкімет Қытай мемлекетімен этникалық сепаратисттерге бір-бірінің аумағында төзбеуге келісімге отырды. Адам құқықтарын бақылаушылар бұл келісімнің елде тұрып жатқан қытайлық ұйғырларға тигізер әсеріне алаңдаушылық білдірді және 2007 жыл бойы үкіметтің ұйғырларды Қытайға күштеп қайтарғаны туралы хабарламалар болды.

### 3 Бөлім Саяси құқықтарды қорғау: азаматтардың өз үкіметін өзгерту құқығы

Конституция мен заңда үкімет демократиялық, жасы 18-ден асқан азаматтар дауыс беруге хақылы делінген. Іс жүзінде, үкімет азаматтардың өз үкіметін өзгерту құқығын қатаң шектеді.

Конституция 21 мамыр күні енгізілген өзгерістер заң шығарушы тармақтың кейбір салалардағы күш-билігін арттырғанымен, конституция әлі билікті президенттің қолына береді; президент заң шығарушы, сот билігіне және жергілікті әкімшіліктерге айтарлықтай бақылау жүргізеді. Президент мемлекеттің жоғары лауазымды қызметкерлерінің көбін тағайындайды. Олардың қатарында премьер-министр, кабинет мүшелері, бас прокурор, ҰҚК-нің басшысы, Жоғарғы сот пен төменгі инстанциялардағы соттардың судьялары, облыс әкімдері, президентті және парламентті сайлауды басқаратын Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен екі мүшесі бар. Парламенттің төменгі палатасы президенттің таңдаған премьер-министрін бекітуі, ал Сенат президенттің таңдаған бас прокурорын, ҰҚК-нің төрағасын, Жоғарғы сот судьяларын және ұлттық банктің төрағасын бекітуі тиіс. Парламент ешқашан президенттің ұсынысын жерге қалдырып көрген емес. Конституцияға өзгеріс немесе түзету президенттің келісімімен енгізіледі. Конституцияға 21 мамыр күні енгізілген өзгерістер Президент Назарбаевты президентті екі мерзімге сайлау талабынан босатты.

#### Сайлау және саясатқа араласу

20 маусым күні Президент Назарбаев парламенттің төменгі палатасын таратып, жаңа сайлауды бастады. Сайлау жақында саяси жүйеге енгізілген конституциялық өзгерістерді толық іске асыруға және парламентті ұлғайтуға бағытталды.

Жаңа парламентті сайлау 18 тамыз күні өтті. Ресми нәтижелерге сәйкес, Президент Назарбаевтың Нұр Отан партиясы барлық дауыстың 88 пайызын жинап, палатадағы әрбір орынды жеңіп алды. Өзге ешқандай партия дауыстың парламенттік орын алуға қажетті 7 пайызын жинамады.

ЕҚЫҰ-ның сайлауға берген бағасында өткен ұлттық сайлауларды өткізу ісінің кейбір тұстары жақсартылғаны атап көрсетілді, ондай жетістіктер деп көптеген партиялардың сайлауға қатыса алғанын, ОСК жариялылықпен жұмыс істеуін күшейтіп, алдыңғы сайлауларда дауыс беру процесінде кеткен кемшіліктерді түзеткенін, партиялардың бұрынғыға қарағанда сайлауалды науқандарын еркін жүргізе алып, БАҚ-на жол ашылғанын және де дауыс беру науқаны сайлау күні қиындықсыз өткенін айтуға болады.



ОСК ЕҚЫҰ және өзге миссиялармен ынтымақтаса жұмыс істеп, шетелдік бақылаушылардың көп бөлігін аккредиттеді.

Дегенмен, аталмыш есепте саяси партияларды тіркеудің шектен тыс көп талаптары, 10 жыл тұрғын мәртебесі және саяси мүшелік талаптары сияқты мемлекеттік қызметке талпыну хақын шектеушілік, мүшелерін Президент Назарбаев тағайындайтын, сайланбайтын орган – Қазақстан халықтары ассамблеясына төменгі палатаның 107 мүшесінің тоғызын таңдауға мүмкіндік беретін ереже және де сайлауға қатысты өзге бірқатар заңнамалық ережелер сынға алынды. Оған қоса, ЕҚЫҰ-ның есебінде жергілікті билік органдары мен мемлекеттік БАҚ Нұр Отан партиясына оң көзбен қарап, сайлау комиссияларында өте аз оппозициялық өкілдер болғаны атап көрсетілді. Аталмыш есеп, сонымен қатар, дауыс есептеу үдерісінің жариялылық сипатта болмады деп қорытындыласа, бақылаушылар сан алуан тәртіпбұзушылықты атады. Оппозициялық жетекшілер науқан ахуалы алдыңғы жылдардағыдан жақсы болғанын айтқанымен, өз сайлауалды науқандарына үкіметтің кедергі келтіргенін, сондай-ақ, жеткілікті жарнама орнының болмағанын, БАҚ мен қоғамдық жиын орындарына тең қолдары жетпегенін мәлімдеді.

ЕҚЫҰ сайлау процесінің заңнамалық негізін қалау жөнінде берген ұсыныстары жалпы алғанда жаңа конституциялық және заңнамалық өзгертулерде жүзеге аспағанын мәлімдеді. Ал үкімет ЕҚЫҰ-ның ұсыныстарын әлі заң шығарушы билік қарап жатқанын, оған ерте өткен сайлаудың кедергі болғанын алға тартты. Үкімет 2006 жылы желтоқсанда, ЕҚЫҰ-ның ұсынысына сай, сайлау науқаны біткен кезден бастап қорытынды нәтиже жарық көргенге дейінгі мерзімде қоғамдық жиын өткізуге тыйым салатын ережені алып тастады.

Өткен сайлаулармен салыстырғанда, саяси партиялар сайлауалды науқан барысында орын алған сайлаушылардың құқықтарын бұзу әрекеттері туралы аз шағымданды. Сайлаудан кейін, оппозициялық жетекшілер сайлау күні орын алды делінген заңбұзушылық туралы шағымдарды, сайлау нәтижелерін жарамсыз деп табуды өтінген петицияларды немесе сайлау комиссияларының әрекеті туралы шағымдарды қоса алғанда 400-ге жуық істі сотқа берді. Бір-екі жайтта шағымдарды жартылай орындағаны болмаса, соттар шағымдардың барлығын қабылдамады немесе оларда сипатталған жайттарды жоққа шығарды.

Президент Назарбаевтың Нұр Отан партиясы елдің саяси өмірінде үстемдік етті. Парламенттің құрамында маусым айында таратылғанға дейін жалғыз бір оппозиция мүшесі болды, ал 18 тамызда өткен сайлаудан кейін ешқандай оппозициялық өкіл болмады. Конституцияға 21 мамыр күні енгізілген өзгертулерге сәйкес,

үкімет дауыс берушілер жекелеген үміткерді емес, партияны таңдайтын үлестік өкілеттілік немесе партиялық тізім жүйесі бойынша парламентті сайлауды өткізді. 18 тамыз күні сайлауда бәйгеге түскен барлық тіркелген партияларға солай істеуге рұқсат етілді. Жаңа жүйеде тәуелсіз үміткерлер қамтылмаған. Саяси партиялар мүшелерінің туған күні мен жерін, мекен-жайын, қызмет орнын және өзге жеке ақпаратын беруі тиіс. Бұл талап көптеген азаматтардың саяси партияларға бірігуіне бөгет болды. Мемлекеттік қызметтегі адамдарға Нұр Отан партиясына өтуге қысым жасалғаны туралы жаны бар сөздер болды.

Ақ Жол, Нағыз Ақ Жол, Ұлттық Социалистік-Демократиялық партиясы және Қазақстандық Коммунистік партиясын қосқанда, жыл аяғында сегіз тіркелген саяси партия болды.

Тіркелу үшін, саяси партия облыстардың екіден үш бөлігі мен Астана және Алматы қалаларынан кем дегенде 1000 делегат қатысқан құрылтай жиналысын өткізуі тиіс. Оған қоса, партиялардың облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әрқайсысынан кем дегенде 700 адам қол қойып, барлығы 50000 адамның расталған тізімін тапсыруы, ОСК-сында тіркелуі, сосын әр облыстық сайлау комиссиясында тағы бір рет тіркелуі тиіс. Әділет министрлігі қол қойған адамдардың саны талап етілген 50000-нан асса да, кеткен бір қате тіркелу өтінішін қабылдамауға негіз болатынын айтты. 2007 жылдың соңында Алға мен Атамекен партияларының тіркелу процесі жүріп жатты. Олар өтініштерін 2006 жылы тапсырған-ды. Алға мен Атамекенді тіркемеді деген сынға жауап ретінде, үкімет бірнеше азаматтардан түскен, «партия тізімдеріне келіспесек те қосылып қойыппыз» деген шағымдарды тергеп жатқанын айтты.

Заң ұлттық, жыныстық немесе діни негізде партия құруға тыйым салады.

Теміртау қалалық сотының 2006 жылы шілдеде 2005 жылғы президентті сайлау кезінде полиция лейтенантына шабуыл жасап, үкімет қызметкеріне тіл тигізді деп айыптағанының нәтижесінде Нағыз Ақ жол партиясының тең төрағасы Болат Әбілов үміткер ретінде тіркелуге хақысы жоқ болды. Әбілов пен оның қолдаушылары айып саяси себептермен салынды деді. Оған бұдан өзге бір істе бұрынғы іскерлік қызметінде алаяқтық жасап, салық төлеуден жалтарды деген айып тағылды. Оған тергеу жүріп жатқан кезде елден кетуге рұқсат етілмеді. Сот ісі 2006 жылы желтоқсанда басталып, сот істі қосымша тергеуге прокуратураға қайтарған 27 тамызға дейін сот бірнеше рет кешіктіріліп, бірнеше рет кейінге қалдырылды. Әбіловтың адвокаттары соттың қылмысқа қатысты ешқандай дәлелдеме таба алмағанын мәлімдемеді. Жыл соңында сот ісі қайта жалғасқан жоқ.

47 орындық сенатта 2 әйел және парламенттің 107 орындық төменгі палатасында 17 әйел қызмет етті. Кабинеттің құрамында бір әйел болды. Қоғамда қалыптасқан дәстүрлі пікір әйелдердің жоғары лауазымды қызмет немесе елдің саяси өмірінде белсенді рөл атқаруына кей кездері кедергі болды. Дегенмен, заң әйелдер мен құрамы жағынан аз ұлт өкілдерінің саясатқа араласуын шектемейді. Сенатта ұлты қазақ емес 10 адам болса, парламенттің төменгі палатасында 24 өзге ұлт өкілі қызмет етті. Бір өзге ұлт өкілі кабинетке мүше болды. Конституцияға 21 мамыр күні енгізілген өзгерістер бойынша, ұлттардың мүдделерін қорғайтын, президент тағайындайтын кеңесші орган болып табылатын Қазақстан халықтарының ассамблеясы парламенттің төменгі палатасының тоғыз мүшесін таңдауға құзіретті болды. Оған қоса, әртүрлі этностық және мәдени топтардың атынан өкіл болуға көмектесу талабы бойынша, президент сенаттың 15 мүшесін тағайындай алатын болды.

#### Үкіметтегі сыбайлас жемқорлық пен жариялылық

Заңда ресми органдардағы сыбайлас жемқорлық қылмысына жаза белгіленген, дей тұра, үкімет заңды пәрменді түрде іске асырмай, шенеуніктер сыбайлас жемқорлық істерімен айналысып, әдетте жазаланбады.

Атқарушы билікте, әртүрлі құқық қорғау агенттіктерінде, жергілікті әкімшіліктерде, білім жүйесінде және судьялар арасында да сыбайлас жемқорлық кең тарады. ІІМ, қаржы полициясы, ҰҚК және Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі комиссия сыбайлас жемқорлықпен күреске жауапты. Оппозиция жетекшілері мен адам құқықтарын қолдайтын ҮЕҰ-дар сыбайлас жемқорлықтың өршігеніне үкіметті кінәлады. Дүниежүзілік банктің Әлемдік басқару көрсеткіштеріне жүгінсек, елдегі сыбайлас жемқорлық ең өзекті мәселе екен.

Үкімет мәселені шешуге шара қолданып, жұртшылыққа аталмыш мәселе туралы білім-ұғым беру арқылы сыбайлас жемқорлықпен күреске көп көңіл бөле бастады. Президент Назарбаев көпшілік алдында сыбайлас жемқорлыққа лағнет айтып, БАҚ-ын ондай жайттарды хабарлуға шақырды. Қаржы полициясы мен ҰҚК Бас прокуратураның басшылығымен сыбайлас жемқорлық жайттарының көпшілігін тергеді.

Мемлекеттік қызметтің бастапқы және ортаңғы буынындағы адамдар мен кіші саяси тұлғаларға сыбайлас жемқорлық айыбы тағылып, жаза қолданылды. Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті сыбайлас жемқорлыққа қатысты 657 қылмысты ашып, 460-тан астам мемлекеттік қызметкер сыбайлас жемқорлық қылмысы бойынша сотталғанын мәлімдеді. Президент Назарбаев 1 қараша күні Алматыдағы табиғаты қорғалған

аймақтардан жер телімдерін заңсыз сату ісіне қатысы бар деген айыппен төтенше жағдай министрі мен бірнеше төменгі лауазымды үкімет қызметкерлерін қызметтерінен босатты.

Заң бойынша үкімет, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік қызметкерлер және ақпарат агенттіктері азаматтарға құқықтары мен мүдделері туралы мағлұмат беруге міндетті, бірақ іс жүзінде азаматтардың ақпарат сұраған өтініштері уақытында орындалмады.

Парламент бірнеше заң жобаларын, парламенттік талқылауларын және кейбір кездері дауыс беру жазбаларын жариялағанымен, парламенттің көптеген әрекеттері жұртшылықтың назарынан тыс қалып жатты. Аккредиттелген журналисттер мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері бөлек бөлмеден бейне байланысы арқылы кейбір парламенттік мәжілістерді бақылай алады. Парламент мәжілістерінің жазбалары жұртшылыққа берілмейді. Парламенттің даулы заңнамаларды талқылауы жыл бойы жұртшылық қауым мен БАҚ-на жабық түрде өтті.

4 Бөлім Адам құқықтарын бұзу жайттарын халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың тергеуіне қатысты үкіметтің пікірі

Бірқатар жергілікті және халықаралық адам құқықтарын қорғау топтары жалпы алғанда тиімді жұмыс істеді, олар тергеу жүргізіп, адам құқықтарының ахуалы туралы тапқан нәтижелерін жариялауға салыстырмалы түрде еркін болды. Дегенмен, үкімет жергілікті және халықаралық адам құқықтарын қорғау ұйымдарының көбінің нақты іс-шараларына шектеу қойды. Халықаралық адам құқықтарын қорғау топтары үкіметтің шетін мәселелермен жұмыс істейтін ҰЕҰ-дардың қызметін бақылауын жалғастырғанын мәлімдеп, полицияның кеңселеріне келгенін, кеңселері мен қызметкерлерін қадағалағанын және өзге қуғындау қимылдарын жүргізгенін атап айтты.

Халықаралық адам құқықтарын қорғау бюросының қазақстандық басқармасы, Алматы-Хельсинки комиссиясы, Тәуелсіз бақылаушылардың республикалық желісі, «Адам құқықтарының жарғысы», «Халықаралық жаза реформасы» және «Әділ сөз» адам құқықтарын қолдайтын ең белсенді жергілікті ҰЕҰ-дардың қатарынан табылды. Бұл ұйымдар кейбір кездері тіркелуде, кеңсе жалдауда, техникалық база құруда қиындық көріп, аудитке ұшырап, сан алуан заңнамалық шектеулер көрді. Үкімет жергілікті ҰЕҰ қызметкерлерін жәбірлеп, қорқытты. Соған қарамастан, үкімет адам құқықтарын қорғаумен айналысатын ҰЕҰ-дармен кейбір мәселелер бойынша ынтымақтаса жұмыс істеп, кейбір кездері оларды үкімет комиссиялары мен жобаларына қатысуға шақырды.

Үкімет жалпы алғанда адам құқықтарын қорғаумен айналысатын халықаралық ҮЕҰ-дар мен көпжақты құрылымдардың елге келіп, жергілікті адам құқықтарын қолдаушылар мен үкімет шенеуніктерімен кездесуіне бөгет болмады. Үкімет ЕҚЫҰ мен оның миссиясымен ынтымақтастық қарым-қатынаста болды. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық көші-қон ұйымы және Халықаралық қызыл крест қоғамы да елде еркін жұмыс істеді.

Әділет министрлігі 17 тамыз күні нақты ҮЕҰ-дардың саяси партияларға арнаған қоғамдық семинарларын қайта бастауын мақұлдағанымен, жыл соңында ондай шаралар әлі жалғастырылмады. Бас прокуратура 2006 жылы ҮЕҰ-ның саяси партия құру әрекетіне Қазақстан конституциясына сай емес деген негізде тоқтау салды.

Ұлттық қауіпсіздік туралы заң шетелдіктердің, халықаралық ұйымдардың, ҮЕҰ-дардың және басқа коммерциялық емес ұйымдардың саяси істермен шұғылдануына тыйым салады. Заңда коммерциялық емес ұйымның (КЕҰ) салық полициясына құрылтайшылары, іс-әрекеттері, шетелдік қаржы көздері, табысы, меншігі, шығыны және қызметкерлері туралы мағлұмат беруі тиіс делінген. Халықаралық ұйымдардың тіркелмеген бірлестіктерді қаржыландыруына тыйым салынады.

Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия президент тағайындайтын қоғам мүшелерінен тұратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комиссия шағымдарды қарап-тергеп, ұсыныстар беріп, халықаралық адам құқықтарын қорғау жарғыларының орындалуын қадағалап, адам құқықтарының ахуалы туралы жылдық есеп береді. Комиссияның адам құқықтарына нұқсан келтірушілікті жоюға немесе өзі берген ұсыныстарды іске асыруға заңды құзіреті жоқ. Комиссия 20 қыркүйек күні Қазақстандағы адам құқықтары туралы есебін жариялады; есепте елдегі адам құқықтарының заңнамалық негізі мен оның халықаралық стандарттарға сәйкестігіне басты мән берілді. Берілген есеп үкіметке бірнеше ұсыныс жасап, кейбір салаларды сынға алды.

Президент тағайындаған адам құқықтарын қарайтын омбудсмен азаматтардың өз құқықтарына мемлекеттік агенттіктерінің нұқсан келтіргені туралы шағымдарын тергейді. Дей тұрғанмен, омбудсменге президент, үкімет агенттіктерінің басшылары, парламент, кабинет, Конституциялық кеңес, бас прокуратура, ОСК немесе сот туралы шағымдарды қарастыру құзіреті берілмеген. Омбудсмен мекемесі азаматтардың шағымдарын шешуде президентке, кабинетке яки болмаса парламентке жүгінуге, халықаралық адам құқықтарын қорғайтын бірлестіктер мен ҮЕҰ-дармен ынтымақтасуға, адам құқықтарын бұзу мәселесі бойынша үкімет қызметкерлерімен кездесуге, әскери бөлімдер мен түрмелерге баруға және тергеу

нәтижелерін БАҚ-нда жариялауға күзиретті. Омбудсмен, сондай-ақ, адам құқықтарының ахуалы туралы жылдық есеп жариялайды. Омбудсмен осы жыл барысында кейбір кездері қысқа баспасөз мәжілісін өткізіп, тексеріліп жатқан шағымдарды талдайтын баяндамалар беріп тұрды. Омбудсменге 2007 жылдың он бір айында 1684 шағым түсті, бірақ қанша шағымданушының адам құқықтары қалпына келтірілгені жөнінде статистикалық ақпарат бермеді. Шағымдардың көпшілігі омбудсменнің күзиреті жүрмейтін сот шешімдері туралы болды.

Жергілікті адам құқықтарын бақылаушылар адам құқықтарын бұзу әрекеттерін тергейтін үкіметтік агенттіктердің тиісті бағалауға тұрарлық жұмыс атқарғанын, нақтырақ алғанда, бюрократиялық жүйенің төменгі сатыларындағы өзекті әлеуметтік проблемалар мен мәселелерді көбейтпей жұмыс істегенімен, омбудсмен мекемесі мен адам құқықтары жөніндегі комиссияның адам құқықтарын бұзушылықты тоқтату не болмаса кінәлілерді жазалау мүмкіндігі шектелгенін айтты. Сонымен бірге, бақылаушылар аталған комиссия мен омбудсменнің адам құқықтарын бұзушылыққа әкеп соққан құрылымдық проблемаларды шешуге әрекеттенбегенін атап айтты.

5 Бөлім Кемсітушілік, қоғамдық қорлау және адам саудасы

Заң ұлттық, жыныстық, мүгедектік, тіл немесе әлеуметтік мәртебесі негізінде кемсітушілікке тыйым салады, дегенмен, үкімет бұл заңды пәрменді түрде жүзеге асырған жоқ. Әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету, адам саудасы, мүгедектерді, гомосексуалисттерді және үкімет қызметтерінде өзге ұлт өкілдерін кемсіту шешілмеген мәселе күйінде қалды.

#### Әйелдер

Әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету, оның ішінде әйелдердің жанұяда қорлық көру мәселесі шешілмеді. Жанұядағы қорлық туралы нақты заң жоқ, бірақ ол мәселе қылмыстық кодекстің ұрып-соғу туралы тармағы бойынша шешіле алады. Азаматқа жұбайын ұрып-соққаны үшін берілетін ең үлкен жаза – 10 жылға түрмеге жабу. Бұл ұрып-соғудың өзге түрлеріне кесілетін жазамен бірдей.

Полиция 2007 жыл барысында отбасындағы зорлық-зомбылық туралы 12764 шағымды қарап, 1357 қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізді. ҮЕҰ-дар отбасындағы қылмыстың саны іс жүзінде полицияға хабарланған істердің санынан әлдеқайда көп екенін мәлімдеді.

Полиция зорлық-зомбылық әрекеті біреудің өміріне қауіп төндіретіндей болғанда ғана жанұядағы дау-дамайларға араласты.

ҮЕҰ-дардың есебіне сай, полиция бұндай жайттардың 10 пайызын тергеген.

ҮЕҰ-дар экономикалық тұрақсыздық нәтижесінде әйелдердің жиі шағымдарын кері қайтарып алғанын айтты. Жәбірленушілер қорлағаны немесе жыныстық зорлағаны үшін жұбайларын сотқа бергенде, полиция оларды кейбір кезде ондай әрекетке бармауға көндіруге тырысқан. Отбасындағы зорлық-зомбылық істері сотқа жеткенде, көп жағдайда жеңіл ұрып-соғу айыбы тағылған. Бұндай айыпқа сот еңбек колонияларына жабу не болмаса кем дегенде 120-дан 180-ге дейін уақыт жұмыс істеу жазасын кесті. Жұбайын ауыр соққыға жығу және өзге де ауыр соққыға жығу қылмысы үшін адам үш айдан үш жылға дейін бас бостандығынан айырылса, ауыр соққыға жығуға берілетін ең үлкен жаза – 10 жылға түрмеге жабу болды.

Жыныстық зорлауға, оның ішінде жұбайдың жыныстық зорлығына кесілетін жаза – үш жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Үкімет жыл барысында жыныстық зорлау қылмысы бойынша 1234 іс қозғағанын, оның нәтижесінде 454 адамды соттағанын мәлімдеді. Заңға сәйкес, прокуратура жәбірленуші шағым бермейінше, егер топталып зорлау сияқты қылмысты ауырлататын жағдай болмаса, жыныстық зорлау қылмысы бойынша іс қозғай алмайды. Шағым түскеннен кейін, егер жәбірленуші сөзінен танса немесе тергеуге одан әрі көмектесуден бас тартса қылмыстық істі жабуға болмайды. Бұл ереже жәбірленушілерді басқа тараптың мәжбүрлеуінен қорғау үшін жасалған. Полиция мен судьялардың жыныстық зорлау мен жұбайдың жыныстық зорлауы туралы істерді қарауда құлықсыздық көрсеткені жайлы әңгімелер болды.

Үкіметтің айтуына қарағанда, Қазақстанда әйелдерге көмек көрсететін 24 күйзеліс орталығы мен еркектерге көмек көрсететін екі орталық бар. Күйзеліс орталықтарының барлығы ҮЕҰ-дарға берілген гранттық жәрдем арқылы қаржыландырылған. Сонымен бірге, құрбандарға жәрдем беретін біраз шағын ҮЕҰ-дар бар. Күйзеліс орталықтарының алтауы зорлық-зомбылық көргендерді паналатады.

Жезөкшелікке заң бойынша тыйым салынбағанымен, күштеп жезөкшелікке мәжбүрлеу, ұйымдасқан қылмысқа байланысты жезөкшелік және жезөкше үйін немесе ұясын басқару сияқты жезөкшелікке қолдау беретін әрекеттер заңға қайшы болып табылады. Үкімет 2007 жылдың алғашқы он айында жезөкшелікке қатысты 191 қылмыстық істі тергеп, 156 айыпталушыны соттады.

Жезөкшелік өзекті мәселе болды. ҮЕҰ-дар жергілікті құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жиі заңсыз жезөкшелер ұясының құрамында болғанын айтты.

Әйел саудасы проблемасы шешілмеді.

Жыныстық қорлау да мәселе күйінде қалды. Заң жыныстық қорлаудың тек кейбір түрлеріне ғана тыйым салады. Заң және гендер мамандары заңнамалық жүйені бұл мәселені шешуде дәрменсіз деп санады. Қорлау оқиғалары туралы мәлімдемелер болды, бірақ олардың ешбіреуінде жәбірленуші заң бойынша қорғалып не болмаса істің тергелгені туралы хабарламалар болған жоқ.

Конституция мен заң еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. 2007 жыл барысында, дегенмен, адам құқықтарын бақылаушылар әйелдерді кемсіту мәселесіне жұртшылықтың назарын аударды. Бақылаушылардың айтуынша, қалалық жерлердегі әйелдермен салыстырғанда ауылдық аймақтардағы әйелдер көбірек кемсітіліп, отбасында көбірек зорлық-зомбылық көріп, олардың білім алу, жұмысқа тұру, ақпарат алу мүмкіндіктері шектеліп, жер және мүлік құқықтары бұзылған.

#### Балалар

Үкімет балалардың құқықтарын қорғады, дегенмен, қаржы тапшылығы мен өзге маңызды міндеттер балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету ісінде үкіметтің пәрменділігін шектеді. Үкімет 2006 жылдың қаңтар айында Білім және ғылым министрлігінің жанынан Балалардың құқықтарын қорғау комитетін құрды, ал президент 28 тамыз күні аталмыш комитеттің көлемі мен бюджетін ұлғайтатын және облыстық мекемелерін қалыптастыратын жарлыққа қол қойды.

Азаматтар 16 жасқа, яғни тоғызыншы сыныпқа дейін білім алуға міндетті. Балалар бастауыш мектепке жалпы 6 жасында барады. Бастауыш және жалпы орта білім тегін және жан жақты. Заң бойынша ұлдар мен қыздар білім алуға тең хақылы. Білім министрлігінің есебіне сәйкес, 2007 жылы мектеп жасындағы балалардың 98 пайызы мектепке барған. Заң бойынша босқын және заңсыз көшіп келген балалар мемлекеттік мектептерге бара алады. Бұндай балаларды кейбір жағдайларда мектептер қабылдамаған немесе олардың ата-аналары ұсталып қалудан және елден қуылудан үрейленіп, мектепке бермеген.

Заңда барлық балаларға жынысына қарамай медициналық көмек беріледі делінген және іс жүзінде солай болды.

Балаларды қорлау туралы мәлімдемелер болды, бірақ ол қоғамда қалыптасқан әдетке айналмаған. ИИМ 2007 жылы 1022 істе балаларын қорлаған адамдарды ата-аналық құқықтарынан мүлдем айырды. Жасы 16-ға толған не одан үлкен балалар өз мүдделерін қорғап, тікелей сотқа шағымдана алады.



ҮЕҰ-дар жетімдер үйлерінде, интернаттарда, жасы кәмелетке толмаған заң бұзушыларға арналған қамау орындарындағы балалардың зорлық-зомбылық көру жайттары артқанын мәлімдесе, БАҚ жетімдер үйлері мен өзге құрылымдардағы қорлау әрекеттерін хабарлауын көбейтті.

#### Адам саудасы

Заң адам саудасының барлық түрлеріне тыйым салғанымен, ол келеңсіз мәселе күйінде қалды. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адам саудасына қатысын тергеу және сот арқылы қуғындау істері жүргізілді және олардың кейбіреулері әлі жүріп жатыр.

Қазақстан азаматтары адам саудасының құрбандарының қатарынан табылып, ел саудаға түскендердің транзитті аялдамасына айналып, адамдарды сатып алатын мекен болды. Ішкі адам саудасы да мәселе күйінде қалды. Құрбандардың жыл сайынғы саны туралы ешқандай сенімді ақпарат жоқ. Көптеген ҮЕҰ-дар құрбандардың үздіксіз анықталып жатқанын мәлімдеді, ол жұртшылықтың осы мәселе туралы көбірек білгенінің арқасында болуы ықтимал. Халықаралық көші-қон ұйымы (ХКҚҰ) мыңдаған азаматтардың жыл сайын саудаға түсетінін және елге әкелініп, еңбек қанауына түсетін шетелдіктердің саны көбейіп жатқанын айтты. Жекелеген адамдар Біріккен Араб Эмираттары (БАЭ), Түркия, Израиль, Оңтүстік Корея, Греция, Ресей және Батыс Еуропаға күштеп еңбекке салуға және жыныстық қанауға сатылды. Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Тәжікстан және Оңтүстік Азиядан күштеп еңбек еткізуге және жыныстық қанауға сатылып алынған еркектер мен әйелдер Қазақстанға әкелініп, сол арқылы басқа елдерге сатылды.

Адам саудасымен айналысатындар жыныстық қанауға жасөспірім қыздар мен жасы жиырмалардағы әйелдерді көздеді. ХКҚҰ-ның мәлімдеуінше, адам саудасымен айналысатындар әйелдердің көпшілігін шетелдерде жақсы жұмысқа немесе некеге тұрғызуға уәде етіп, қызықтырған. Сапар, жұмыс және модель агенттіктері құрбандарды жиі шетелдерде табысы көп жұмыстарға уәде беретін жарнамалар арқылы тартқан. Адам саудасына бұрын түскен әйелдер жаңа құрбандарды қатарларына өздері тартыпты-мыс. Адам саудасының құрбандарының кейбіреуі өздерінің жезөкше ретінде жұмыс істеуге бара жатқандықтарын білген немесе сезіктенген, бірақ құлдық сияқты жағдайда жұмыс істейтінін күтпеген. Адам саудасына түскен адамдардың көбі Өзбекстаннан болған, олар шетелдерден алынған жалған төлқұжаттар арқылы сапарға шыққан.

Жетімдер үйінде өскен жасөспірімдер (жынысына қарамастан) мен ауылдық және экономикалық күйзеліске ұшыраған аймақтардың тұрғындары негізінен адам саудасының құрбаны болды.

Күштеп жұмысқа салу үшін әкелінген еркектердің саны көбейген. Үкімет қызметкерлері көбінесе заңсыз еңбек мигранттары мен адам саудасының құрбандарын бір-бірінен ажыратпайды. Құрылыс жұмысшыларын Астана мен басқа қалаларға әкелетін ұйымдасқан қылмыстық топтар туралы сенімді ақпараттар болды. Саудаға түскен жұмысшыларды жұмысқа алушылар мен адам саудасымен айналысушылар әдетте олардың төлқұжаттарын қолдарында ұстаған. Құрбандар олардың қарызға отырғызу, зорлық-зомбылық көрсету және жұмысқа күштеу үшін қорлаймыз деп қорқыту амалдарын пайдаланғанын мәлімдеді.

ҮЕҰ-дар адам саудасының барлық түрлеріне ұйымдасқан қылмыстық топтардың қатысы болды деп күдіктенді.

Үкімет 2006 жылдың наурыз айында адам саудасымен айналысушыларды тергеу, сотпен қуғындау және соттау мүмкіндігін нығайту мақсатында жан-жақты заңнамалық өзгерістер жинағын шығарды. Бұл өзгерістерде жәбірленушіні қорғау және қылмыстың алдын алуға қажетті ресурстар көлемін ұлғайту да қамтылған. Әділет, Ішкі істер, Сыртқы істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қамтамасыз ету, Білім және ғылым, Мәдениет, ақпарат және спорт министрліктері, ҰҚК, Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия және Бас прокуратура адам саудасына қарсы күресуге міндетті.

Адам саудасына көп дегенде жеті жылға түрмеге жабу жазасы кесіледі. Егер жәбірленушінің жасы кәмелетке толмаған болса, ауыр жаза, яғни 10 жыл беріледі. Егер жәбірленуші шетелде саудаға түссе, жаза 10 жылға ауырлайды және жәбірленушінің жасы кәмелетке толмаған болса, ауыр жаза мөлшері 12 жылға көбейеді. Егер адам саудасына ұйымдасқан қылмыс синдикаты қатысса, жәбірленуші қаза тапса не болмаса жәбірленуші «ауыр жағдайға» ұшыраса, қылмыскер 15 жылға бас бостандығынан айырылады.

2007 жыл барысында аталмыш қылмыс бойынша сотталғандардың саны 17-ге өсті. Ал өткен 2006 жылы бір «саудагер» сотталған-ды.

Үкімет өз азаматтары саудаға түскен шетелдердің және азаматтары Қазақстанда әкелініп, саудаға салынған елдердің билік органдарымен ынтымақтастық орнатуға жұмыстанды. Мемлекеттің шетелдердегі елшіліктері адам саудасы құрбандарына көмек көрсетті; Сыртқы істер министрлігі 28 азаматтың елге оралуына жәрдемдесті.

Мемлекет қызметкерлерінің адам саудасына қатысы туралы дәлел жоқ, дегенмен, құқық қорғау органы қызметкерлерінің, оның ішінде көші-қон және шекара қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық кеңінен тарап, адам саудасына жағымсыз үлес қосты.

Заң адам саудасы құрбандарына олардың аман-есен елдеріне оралуын немесе адам саудасы қылмыскерін заңмен қудалауға қатысуын қамтамасыз ету үшін уақытша тұрғын мәртебесін береді. Осы заң бойынша адам саудасы құрбандары енді заңсыз мигрант деп есептелмей, жалпы елден қуылған немесе басқалай жазаланған жоқ. Саудаға түскен шетелдік азаматтармен жұмыс істейтін ҰЕҰ-дар анықталған құрбандарды елдеріне қайтаруда үкіметтің әкімшілік қолдау көрсеткенін айтты.

Үкімет құрбандарды қорғап, оларға көмектескенімен, құрбандарға қажетті жәрдем деңгейінде айтарлықтай кемшіліктер сол күйі қалды. Үкімет жылдың алғашқы тоғыз айында жеті қылмыстық іске көмектескен адам саудасының 31 құрбанына қаржылай көмек берді. Көмекке қауіпсіздік, азық-түлік, баспана және медициналық қызмет кірді. ҰЕҰ-дар үкіметпен келісілген өзара түсінушілік туралы меморандум бойынша құқықтық және материалдық көмек пен кеңес беретін күйзелістен қорғау орталықтарын басқарды. Үкімет кейбір жағдайларда ҰЕҰ-дарына ғимараттарды азайтылған бағаға жалға беріп, басқа да қолдау көрсетті. ҰЕҰ-дар адам саудасы құрбандарына жәрдемдесу ісін үйлестіруде үкімет қызметкерлерімен ынтымақтастығы жалпы алғанда жақсы болғанын хабарлады.

ХККҰ елдің түкпір-түкпіріндегі 19 ҰЕҰ-мен бірлесіп, адам саудасының қауіптері туралы ақпарат беру науқанын жүргізіп, құрбандарға арналған қызу желілер ұйымдастырды. Әділет министрлігі адам саудасы құрбандарының қылмыс туралы хабарлап, ақпарат алуына арналған бөлек ұлттық қызу желілер орнатты. Үкімет құқық қорғау органы мен басқа мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне арнап, олардың адам саудасы оқиғаларын анықтау, тергеу және соттау шеберлігін ұштау курстарын өткізді. ІІМ көші-қон полициясын «Заңсыз көші-қон мен адам саудасына қарсы күрес мамандарын оқыту орталығындағы» жан-жақты дайындық курсына қатыстыруын жалғастырды.

Бас прокуратура туристік агенттіктерді лицензия алуға міндеттеп, адам саудасына қатысы бар агенттіктерді анықтау үшін жыл бойы тексеріс жүргізді.

Үкімет БАҚ-н адам саудасына қарсы күрес шараларын жариялап, хабарлауға шақырды. Үкімет халықаралық ұйымдардың берген қоғамдық қызмет хабарларын (ҚҚХ) орыс және қазақ тілдерінде

таратты. Мемлекеттік және жекеменшік телерадио арналарынан осы қоғамдық қызмет хабарларын тарату талап етілді.

Білім министрлігі барлық орта мектептердің жоғарғы сыныптары мен колледждердің оқу бағдарламасы адам саудасы туралы тақырыпты қамтығанын мәлімдеді. Аталмыш министрліктің айтуынша, университеттердің көбінде өзге тақырыптарға қоса адам саудасы туралы мағлұмат беретін ақпарат-сараптау орталықтары жұмыс істейді. Адам саудасы туралы тарау Ұлттық іс жоспардың бір бөлігі ретінде орта мектептерге арналған оқу бағдарламасына енгізілді.

#### Мүгедек адамдар

Заң еңбек, білім, денсаулық сақтау және өзге мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз етуде мүгедек азаматтарды кемсітуге жол бермейді және компаниялардан өздерінің жұмыстарының үш пайызын мүгедек адамдарға беруді талап етеді. Десе де, кемсітушіліктің мәселе екені және мүгедек адамдардың қоғамға бірігіп, жұмыс табуда қиындық көргендері туралы мәлімдемелер болды. Заң мүгедек адамдардың ғимараттарға кіріп-шығу мүмкіндігіне кепілдік бергенімен, үкімет оны іске асырған жоқ. Үкімет 2006 жылы қыркүйек айында инспекторларға ғимараттардың мүгедектік туралы заңға сәйкестігін тексеруге және заңды бұзғаны үшін айтарлықтай айыппұл салуға мүмкіндік беретін жаңа заң жобасын жасады. Бақылаушылар бұл заңның ықпалы аз болғанын айтты. Мүгедек адамдар қоғамдық көлікті пайдалануда да қиындық көрді.

Ақыл-есі кем азаматтар өзінің келісімінсіз немесе соттың қарауынсыз мемлекеттік мекемелерге жатқызылуы мүмкін. Дей тұрғанмен, іс жүзінде, үкімет ондай адамдарды жас кездерінде жанұяларының келісімімен арнайы мекемелерге орналастырды. Бұндай мекемелер нашар ұйымдастырылып, тиісті деңгейде қаржыландырылмаған. Мүгедек және ақыл-есі кем жетім балалар үйлерінде балалардың шектен тыс көп және тазалығы нашар екені және балаларға қажетті тиісті күтім көрсететін қызметкерлер саны жеткілікті еместігі туралы хабарламалар болды. Халықаралық адам құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның Қазақстандағы бюросы экономиканың өрлеуіне және құрылыс пен инфрақұрылым жобаларына жұмсаған қаржысына қарамастан, үкіметтің ақыл-есі кем адамдарға беретін көмегі жоқтың қасында екенін айтты.

Үкімет мүгедек адамдардың дауыс беру құқықтарын шектемеді және сайлау бөлімшелеріне мүгедектігінің кесірінен бара алмаған адамдарға өз үйлерінде дауыс беруді ұйымдастырды. Еңбек және халықты әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігі – мүгедек адамдардың құқықтарын қорғауға жауап беретін басты мемлекеттік

агенттік. Денсаулық сақтау және Білім министрліктері де оларға көмектеседі.

Ұлттық, нәсілдік немесе этникалық құрамы аз халықтар

Үкімет мемлекеттік жоғарғы лауазымды қызметтерге этностық қазақтарды алып, басқа ұлт өкілдерін кемсітті.

Қазақ тілі - ресми мемлекеттік тіл болғанымен, ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары орыс тілін қазақ тілімен тең қолдана алады. Тіл туралы заң азаматтардың өзге тілдерде сөйлеу құқықтарына нұқсан келтірмей, қазақ тілінің қолданысын күшейтуді көздейді. Заң бойынша мемлекеттік қызметке орналасуға қазақ тілі білімі талап етілмейді.

Басқа қоғамдық қорлық пен кемсітушілік түрлері

Жыныстық танылуына қарап кемсіту туралы ресми статистикалық ақпарат болмағанымен, бұндай кемсітушіліктің орын алғаны туралы мәлімдемелер айтылды. Халықаралық ұйымдар өкілдерінің айтуынша, шеттетілген топтар, оның ішінде гомосексуалисттер туралы қоғамдық пікір осы топтардың алға шығуын қиындатып, соның салдарынан олардың АИВ/ЖИТС бағдарламаларына қатысуына кедергі болды деп мәлімдеді. Заң АИВ/ЖИТС-пен ауру адамдарды кемсітуге тыйым салады. Дегенмен, бақылаушылар адамдардың нашақорлар мен өзге топтарды абыройсыз деп есептеуі олардың ақпарат беру, қызмет көрсету, емдеу және сауықтыру мекемелеріне тіркелуіне теріс ықпал етуін жалғастыруда деп хабарлайды.

6 Бөлім Еңбекшілердің құқықтары

а. Ұйымдарға бірігу құқығы

Заң кәсіподақтарды еркін құрып, ұйымдастыру құқығымен қамтамасыз етеді. Үкімет, іс жүзінде, бұл құқықты жүзеге асыруды шектеді. Нәтижесінде, еңбекшілердің басым бөлігі өздері таңдаған кәсіподақтар құра алмады немесе оларға біріге алмады. Үкімет ұйымдасқан еңбекке елеулі әсер етіп, тәуелсіз кәсіподақтардан гөрі мемлекеттік кәсіподақтарды қалады. Бұрынғы Кеңес заманындағы мемлекеттік еңбекші ұйымдардың мұрагері және ең ірі кәсіподақ бірлестігі болып табылатын Кәсіподақтар федерациясы іс жүзінде үкіметпен байланысты мекеме болып қалды. Жұмыс күшінің кем дегенде үштен бір бөлігі кәсіподаққа біріккен.

Кәсіподақ заңды мәртебе алу үшін Әділет министрлігіне тіркелуге өтініш етуі тиіс. Кәсіподақтарды тіркеу тәртібі негізінен мүшелік ұйымдарды тіркеу тәртібіне ұқсайды.

Заң шетелдік кәсіподақтарға тыйым салып, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың, шетелдердің, халықаралық ұйымдардың қазақстандық кәсіподақтарды қаржыландыруына рұқсат етпейді.

Кәсіподақтарды кемсітуге қарсы заң еңбекшілерді қорғайды, бірақ іс жүзінде бұл құқықты бұзу жайттары орын алған. Бірнеше кәсіподақ мүшелері жұмыстан шығарылып, жалақысы аз немесе мәртебесі төмен жұмыстарға ауыстырылып, үркітіп-қорқытылған. Кәсіподақ жетекшілері басқа себептермен жұмыстан босатылды делінген кейбір жұмысшылардың іс жүзінде кәсіподақ шараларына қатысқандары үшін жұмыстан шығарылғанын хабарлады. 2007 жылы осы негізде сотқа берілген істер болған жоқ. Кәсіподақ жетекшілері ірі компаниялардың еңбекші ұйымының құрылуына және ұжымдық келіссөз жүргізуге жайсыз жағдай тудырғаны туралы да хабарламалар берді.

ә. Ұйымдасу және ұжымдаса келіссөз жүргізу құқығы

Заң кәсіподақтардың өз іс-шараларын кедергісіз жүргізу құқықтарын қорғайды. Дей тұрғанмен, үкіметтің үш жақты келіссөздерде кәсіподақтарға қысым жасағаны туралы мәлімдемелер болды. Заң ұжымдық келіссөз жүргізу және ұжымдық келісімге отыруға рұқсат етеді; кәсіподақтар мен бірлестіктер іс жүзінде ұжымдық келіссөз жүргізуге қатысты. Ұжымдық келіссөз нәтижесінде қол жеткізілген келісімдерге рұқсат етілді, тек олар жеке келісім-шарттар немесе заң бойынша қамтамасыз етілген жұмысшыларды қорғау ісіне нұқсан келтірмесе болғаны. Кәсіподақтар федерациясының мәлімдеуінше, кәсіподақтардың шамамен 75 пайызының ұжымдық келісімдері болған.

Кәсіподақтардың компания басшылары келіспейтін талаптары үкімет, компания және кәсіподақ өкілдерінен тұратын үш жақты комиссияға беріледі. Үш жақты комиссия еңбек қатынастарының көп тұсына басшылық ететін жылдық келісімдер жасап, қол қоюға міндетті. Еңбек туралы заң бойынша жұмыс беруші мен әр еңбеккер жеке келісім-шартқа отыра алады.

Заң ереуілге шығу құқығына кепілдік береді, бірақ бұл құқықты іске асыруға бірқатар заңнамалық шектеулер қойылған. Үкіметте ереуілге шығуға шектеулі рұқсат беретін маңызды кәсіпорындардың тізімі болды. Жалпы, жұмысшылар еңбек дауы міндетті төрелік сот ісі арқылы шешілмеген кезде ғана ереуілге шыға алады. Ереуілге шығатын жұмысшылар басшыларына міндетті түрде 15 күн бұрын ескерту беруі тиіс. Заң еңбеккерлерді заңсыз ереуілге қатысқаны үшін жұмыстан шығаруға тоқтам не тыйым салмайды. Жұмыс берушілердің іс жүзінде ереуіл ұйымдастыруға талпынған

еңбеккерлерді негізсіз жұмыстан босатқандары жайлы хабарламалар болды.

Елде экспортқа бажсыз шикізат өңдеу аймақтары жоқ.

б. Күштелген немесе міндеттелген еңбекке тыйым салу

Сот үкімімен не болмаса төтенше немесе әскери жағдайларда ғана болмаса еңбекке күштеу немесе міндеттеу, оның ішінде балаларды еңбекке күштеу немесе міндеттеу заңға қайшы келеді. Мигрант жұмысшылардың көбірек баратын еліне айналған Қазақстанда кейбір жұмысқа алушылардың жұмысшылардың төлқұжаттарын тартып алу не болмаса қарызға отырғызу, зорлық-зомбылық көрсету және жұмысқа күштеу үшін қорлаймыз деп қорқыту амалдарын пайдалану арқылы оларды қорлағаны туралы мәлімдемелер болды.

в. Бала еңбегіне тыйым салу және еңбек етуге қажетті ең кіші жас

Заң балалардың еңбегін қанауға тыйым салады. Жұмысқа тұру үшін адамның жасы кем дегенде 16-да болуы тиіс; 14 пен 16 жас аралығындағы балаларға ата-аналарының рұқсатымен денсаулығына зиянды емес немесе білім алуына кедергі болмайтын жеңіл жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Заң, сондай-ақ, жасы 18-ге жетпеген жұмыскерлердің жұмыс күнінің мөлшерін де шектейді. Үкімет жасы 16-дан үлкен адамдардың ғана жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін тексерістер жүргізді, бірақ заң біркелкі түрде іске аспады.

Үкімет бала еңбегі жөнінде статистикалық ақпарат жүргізген жоқ. ҰЕҰ-дар мен белсенділер бала еңбегінің ауылшаруашылық аймақтарда, әсіресе егін маусымдарында жиі қолданылғанын хабарлады. Мақта және темекі өнеркәсіптеріндегі бала еңбеккерлердің демалу уақыты шектеліп, денсаулық сақтау қызметтеріне қолы толық жетпеді. Ал қалалық жерлерде заңдастырылған еңбек нарығының өсуі бала еңбегінің көптеген түрлерін азайтты. Дегенмен, балалардың қайыр сұрайтыны, базарларда жүк түсіріп-таситыны, көлік жуатыны және көлікке бензин құю орындарында жұмыс істейтіні туралы хабарламалар болды. Сондай-ақ, балалардың жезөкшелік пен порнографияға салындырылып, қаналғаны туралы да мәлімдемелер болды. Еңбек министрлігі Бала еңбегі туралы заңның сақталуына және айыппұл арқылы жазаланатын әкімшілік заңбұзушылықпен күресуге жауапты болса, ІІМ қылмыстық істерді тергеуге міндетті. Үкімет 2007 жылдың алғашқы он айында заңсыз бала еңбегіне қатысты қылмыс болмағанын мәлімдеді. Үкімет 2005 жылы бала еңбегін жоятын Халықаралық еңбек ұйымының үш жылдық бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Үкімет бағдарламаның бір бөлігі ретінде маусым айында

жұртшылыққа бала еңбегі туралы мағлұмат беретін және оның алдын алуға назар аударатын 12 күндік ұлттық науқан жүргізуде ҮЕҰ-дармен тығыз жұмыс істеді. Үкімет жыл барысында бала еңбегін жоюда сол қылмыс туралы халыққа мағлұмат беріп, агенттіктер арасындағы ынтымақтастықты ілгерілету үшін кәсіподақтармен, жұмыс берушілермен және ҮЕҰ-дармен тізе қосып жұмыс істеді.

Бала саудасы мәселесі шешілмеді.

г. Қанағаттанарлық еңбек жағдайы

80.40 АҚШ долларын (9752 теңгені) құрайтын ең төменгі айлық жалақы жұмысшы мен оның отбасының тәуір өмір сүруіне жеткіліксіз, дегенмен, әдетте жұмысшы отбасыларында бірден көп адам жалақы алып, қалалық жерлердегі жұмысшылардың көбінің жалақысы ең төменгі жалақыдан жоғары болды. Айлық күнкөрістің ең төменгі деңгейі жылдың алғашқы бөлігінде ең төменгі айлық жалақыдан төмен болғанымен, жылдың соңғы төрт айында айлық күнкөрістің ең төменгі деңгейі 87.20 АҚШ долларын (10655 теңгені) шамалады.

Заңда апталық еңбек уақыты 40 сағаттан, ал ауыр дене еңбегі немесе қауіпті жұмыс 36 сағаттан аспауы керек делінген. Заң бір календарлық күнде екі сағаттан артық немесе ауыр жұмыста күніне бір сағаттан артық жұмыс істеуге тыйым салып, белгіленген уақыттан артық жұмысқа төленетін ақы апталық жалақының бір жарым есесінен төмен болмауын талап етеді. Белгіленген уақыттан артық жұмысқа зиянды жағдайларда тыйым салынған. Заң бойынша еңбек келісімдері әр жұмысшының жұмыс, демалыс, мейрам және төленетін жылдық демалыс уақытын белгілей алады.

Еңбек министрлігі ең төменгі жалақының, шектеулі еңбек уақытының және белгіленген уақыттан артық жұмыс мерзімінің еңбек заңына сәйкес болуын қамтамасыз етеді. Еңбек министрлігінің инспекторлары өз саласындағы барлық заң-ережелерді жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерді кездейсоқ тексерді. Бірақ бұл кездейсоқ тексерістерге қарамастан, еңбекті қорғау саласындағы белсенділер кейбір жұмыс берушілердің жиі осы заңдарды бұзғанын айтты.

Заң азаматтарды қауіпсіз және гигиеналық еңбек жағдайына хақылы етеді, бірақ өнеркәсіп, ауылшаруашылық және құрылыс салаларындағы еңбек және қауіпсіздік жағдайлары іс жүзінде көбінесе стандарттарға сай болмады. Зауыт жұмысшылары әдетте маска мен дулыға қалпақ сияқты қорғаныш киімін кимей, көмескі және ауа алмастырылуы нашар жерлерде жұмыс істеді.



Басшылар көбінесе жұмыс орындарында денсаулық және қауіпсіздік сақтау ережелеріне мән бермегені және Еңбек министрлігі оларды тиісті деңгейде жүзеге асырмағаны туралы мәлімдемелер болды. Аталмыш министрлік 2007 жылдың алғашқы он айында 18484 тексеріс жүргізіп, 108 970 заңбұзушылықты анықтады. Заңбұзушылықтардың көпшілігі салыстырмалы түрде айтарлықтай үлкен болмағанымен, үкімет тексерістердің нәтижесінде жалпы сомасы 1.100.000 АҚШ долларын (132.000.000 теңгені) құрайтын айыппұл салып, 57 өндіріс орнының жұмысын тоқтатып, 72 қылмыстық тергеу ісін бастады. Аталмыш министрліктің тексерістеріне қоса, кәсіподақтар өндіріс орындарын тексеріп, нәтижелерін билік органдарының тергеуіне берді. Заң жұмыс берушілерден жұмысшылардың өмірі немесе денсаулығына қауіпті жұмысты тоқтатып, жұмысшыларға зиянды және қауіпті еңбек жағдайы мен ықтимал кәсіби сырқаттар туралы ескерту беруді талап етеді. Заң жұмысшыларға өз-өздеріне жұмыстан шығып қалу қаупін төндірмей, өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайлардан аулақ болу құқығын береді. Іс жүзінде, жұмыстарынан айрылып қалу қаупі болғандықтан, кейбір жұмысшылар, әсіресе құрылыс саласындағы еңбеккерлер осы құқығын еркін пайдалана алмады.

Үкімет жылдың алғашқы 10 айында жұмыс орнында 2289 адамның зақым алғанын мәлімдеді; бұл алдыңғы жылдағыдан 8.7 пайызға төмен екен. Оған қоса, үкімет жылдың алғашқы 10 айында 334 адамның жұмыс орнында қаза тапқанын және оның 2007 жылмен салыстырғанда 14 пайызға төмендегенін мәлімдеді.